

Ата-бабаларымыз бізге
бірліктің, ынтымақтың,
тұтастықтың ұлы үлгісін
көрсетіп кетті.
Қазақстанның арғы-бергі
тарихының ең габитты
тағылымы, міне, осында.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ЖОБА



ШЫҢҒА БІРГЕ
ӨРЛЕЙІК!

9

ТӘУЕЛСІЗДІК-30



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:
30 ЖЫЛДЫҢ
30 СӘТІ

12-13

ЖАҚЫНЫҢА
ЖАНАШЫР БОЛ!



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

04.11.2021

Түнде:



-6-8 °C

Бұлтты, қар, кей уақытта
қатты. Тұман, көктайғақ.

Күндіз:



-3-5 °C

Бұлтты, қар, кей уақытта
қатты. Тұман, көктайғақ.



Желдің жылдамдығы:
3-8, екпіні 13 м/с

05.10.2021

Түнде:



-9-11 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-3-5 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №133 (6109) 4 қараша, бейсенбі, 2021 жыл.

ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕГІ БІЛІМ

Алматыда De Montfort University Kazakhstan ресми түрде ашылды



Университеттің ресми ашылу салтанатына ҚР
Премьер-Министрінің орынбасары Ералы
Тоғжанов, Алматы қаласының әкімі Бақытжан
Сағынтаев, ҚР Мәдениет және спорт министрі
Ақтоты Райымқұлова, ҚР Білім және ғылым

вице-министрі Шолпан Каринова,
Ұлыбританияның халықаралық сауда
министрі Ранил Джаявардена,
Ұлыбританияның Қазақстандағы елшісі Кэти
Лич қатысты.

2

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

БЕЛСЕНДІ ӨМІР САЛТЫНА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ

Алматылықтардың арасында
жылдан-жылға артып келеді



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Мегаполис басшысы Бақытжан Сағынтаев «Алматы»
арнасындағы «Akimat LIVE» бағдарламасының кезекті санында
қаладағы эпидемиалық жағдайды айта келіп, «сары аймақ» бойынша
қандай шектеулер қолданылады, қаланы абаттандыру
жұмыстары қалай жүргізілуде деген мәселелерге назар
аударды. Шаһардағы экономикалық-әлеуметтік даму
мәселелері жайлы да баяндады. Сондай-ақ, қала
тұрғындарының сұрақтарына жауап берді.

3

ҚЫСҚА...

- Шаһар басшысы
Ұлыбританияның
халықаралық сауда
министрімен кездесті.
- ҚР Премьер-
Министрінің
орынбасары Ералы
Тоғжанов Алматыдағы
1800 орынды мектеп
құрылысымен
танысты.
- Мегаполис метросында
пойыздардың қозғалыс
аралығы 7 минутқа
дейін қысқарады.
- 4-8 қараша
аралығында Алматыда
хореографиялық оқу
орындарының VII
халықаралық «Өрлеу»
байқау-фестивалі
онлайн-форматта өтеді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев Ұлыбританияның халықаралық сауда министрі Ранил Джаяварденамен кездесті. Бұл туралы қала әкімі өзінің әлеуметтік желісінде хабарлаған. Кездесу барысында шаһарға инвестициялар тарту, цифрландыру, ғылым, мәдениет және денсаулық сақтау салаларындағы білім беру бағдарламаларын, жобаларды іске асыру бойынша ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мәселелері талқыланды.

«Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық жоғары деңгейде. Ұлыбритания тауар айналымы кө-

лемі бойынша Қазақстанның ең ірі сауда серіктестерінің ондығында қалып отыр. Біріккен Корольдік Қазақстанның алты ірі инвесторларының қатарына кіреді», – деді Б.Сағынтаев.

Бүгінгі күні қаламызда сауда, қаржы, телекоммуникация, құрылыс салаларында британдық капиталдың қатысуымен 217 кәсіпорын жұмыс істейді. Алматы мен Ұлыбритания арасындағы тауар айналымы он динамиканы көрсетіп, ағымдағы жылдың III тоқсанының қорытындысы бойынша шамамен 132 млн. долларға жеткен.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Ескерткіштің ашылу салтанатына Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев қатысты. Бақытжан Сағынтаев өз сөзінде Нұртас Оңдасыновтың Қазақстан ғылымы мен мәдениетін қалыптастыруға сіңірген еңбегін атап өтті.



ҚАЙРАТКЕР ТҰЛҒАҒА ҚҰРМЕТ

Оңтүстік астанада мемлекет және қоғам қайраткері
Нұртас Оңдасыновқа ескерткіш ашылды



Серік
ЖУМАБАЕВ

Н.Оңдасынов сол замандағы қиын жағдайларға қарамастан, ел экономикасын дамыту үшін қолдан келгеннің бәрін жасады. Қазақстанда дербес Ғылым академиясының құрылуына ықпал етті. Оның жанынан Қыздар педагогикалық институты, Ұлттық консерватория, Денешынықтыру институты, Политехникалық және технологиялық институттар ашылып, Медициналық, Шет тілдері институттарының факультеттері кеңейтілді.

Оның басшылығымен Ертіс – Қарағанды, Арыс – Түркістан, Мырзашөл каналдары, Атырау,

Теміртау, Жезқазған, Балқаш, Ақтөбе зауыттары, сондай-ақ Мойынты – Шу темір жолы салынды.

Н.Оңдасынов араб, парсы тілдерін жақсы білді. 1962 жылы зейнетке шыққаннан кейін шығармашылық және ғылыми қызметпен айналысты. 1969 жылы «Арабша-қазақша түсіндірме сөздігі», 1974 жылы «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздігі» жарық көрді.

Бюст Ұлттық Ғылым академиясы ғимаратының жанына орнатылды, кезінде оны құруға Н.Оңдасынов қатысқан болатын. Ескерткіштің ашылу салтанатына Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ұ.Есдәулет, жазушы Д.Исабеков және басқа да зиялы қауым өкілдері қатысты.

СЕРПІН

ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕГІ БІЛІМ

Алматыда De Montfort University Kazakhstan ресми түрде ашылды



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрсұлтан БОЛАТҰЛЫ,
«Jas Otan» Алматы
филиалының төрағасы:

– Ғылым – айрықша ой-сана ізденісі мен жандүние құштарлығының жемісі. Ғылым мен білімнің дамуы мемлекеттің дамуына тікелей әсер ететінін фактор екенін естен шығармауымыз жөн. Бүгінгі күні адамзаттың дамуы қандай деңгейге жетсе, барлығы ғылымның арқасы екенін мойындаймыз.

Алматы қаласы еліміздің мәдени және қаржы орталығы ғана емес, білім мен ғылымның ордасы. Өйткені, қаламызда бүгін Ұлыбританияның «De Montfort University» өз жұмысын бастады. Халықаралық рейтингте жоғары нәтиже көрсетіп жүрген аталған оқу орны бөлімшесінің Алматыда ашылуы – Орталық Азиядағы мықты университеттер орналасқан білім хабына айналуда деген нақты қадам деп есептейміз.

Ең басты қуантағыны, оқу кампусы қаланың тамаша аймағында орналасқан. Демек, іріктелініп алынған студенттерді қайталанбас мүмкіндіктер күтіп тұрғаны қуантады. Оқуға қабылданған барлық жас достарымызды құттықтай отыра, білім мен ғылымның нәрімен сусындап, еліміздің алдыңғы қатарлы ғалымдарына айналсын деген тілек айтқым келеді.

Мәдина МҰРАТҚЫЗЫ,
Алматы қаласы Жастар саясаты
мемлекеттік қорының бос
уақыт орталықтарымен жұмыс
жөніндегі бөлімінің басшысы:

– Білім беру саласындағы халықаралық рейтингтерде жоғары орындарға ие осындай университеттердің ашылуы жастар үшін үлкен мүмкіндік болып табылады. Бұл университеттің біздің қаламызда ашылғаны қуантады, өйткені Алматы – жастар қаласы.

Менің білуімше, оқуға түскен жастар әлемдік деңгейдегі білім алып, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті бола алады. Бұл – Алматының әлемнің үздік 100 мегаполисінің қатарына кіруге деген ұмтылысына сәйкес келетін мегаполисті дамытудағы тағы бір серпіліс.



Динара
МҰРАТ

(Басы 1-бетте)

Жаңа жоғары оқу орны бизнес, экономика және құқық, АТ, креативті индустрия салаларында британдық дипломы бар мамандарды даярлайтын болады.

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Е.Тоғжанов құттықтау сөзінде De Montfort University Kazakhstan еліміздегі ғана емес, Орталық Азиядағы озық жоғары оқу орындарының бірі болатынына сенім білдірді.

«Университеттің негізгі артықшылықтарының бірі – түлектердің бәсекеге қабілеттілігі. Аталмыш жоғары оқу орнын бітірген жастардың 97%-ы оқу бітіргеннен кейін жарты жыл ішінде жұмыс табады және IBM, Microsoft, BMW сияқты компанияларда жұмыс істейді», – деді Е.Тоғжанов.

Премьер-Министр орынбасарының айтуынша, ЖОО жыл сайын жалпы қабылдау санының кемінде 7% көлемінде Қазақстан азаматтарына гранттар мен стипендиялар бөледі деген уағдаластыққа қол жеткізген.

«Біз қазақстандық филиалдың түлектері Англиядағы кампус түлектері сияқты бәсекеге қабілетті болады деп үміттенеміз», – деді Е.Тоғжанов.

Өз кезегінде Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев Алматы қаласының креативті индустриялар саясатын жүзеге асыруда университеттің ерекше рөл атқаратынын атап өтті.

«Біз үшін бұл расында да өте маңызды. Қаланың одан әрі өсуі, еңбек өнімділігі, өмір сапасы мен бизнес мүмкіндіктері бойынша әлемнің 100 үздік қаласының қатарына ену жөніндегі мақсатымызға жету үшін бізге экономиканы диверсификациялау бойынша жұмысты жалғастыру қажет», – деді қала әкімі.

Б.Сағынтаевтың айтуынша, осы мақсатта қала экономикасында құрылымдық маневр жүргізілуде. Бұл – жаңа экономикалық өсудің драйверлеріне айналатын цифрландыруды, туризмді және креативті индустрияларды дамыту.

ЖОО ректоры Дж. Паундер Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаевқа университеттің ашылуына қолдау көрсетіп, жағдай жасағаны үшін алғыс айтты. Бұл Қазақстанда оқуға лицензия алған және үздік білім беру стандарттарын енгізу үшін құрылған алғашқы шетелдік университет. Түлектерге Ұлыбританияның DMU Лестер Университеті дәрежесі берілетін болады.

Бакалавриатқа түскен алғашқы 145 студент қабылдаудан ойдағыдай өтті. «Бухгалтерлік есеп және қаржы», «Бизнес және

маркетинг», «Экономика және халықаралық қатынастар», «Бизнес-құқық», «Қаржы және инвестициялар» бағыттары бойынша білім беру бағдарламалары қарастырылған. Бұдан басқа, оқыту бағдарламасында ақпаратты технология, креативті индустрия мамандықтары интеграцияланатын болады. Ал аталған бағыттарға Алматының 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясында ерекше көңіл бөлінеді.

Ашылу салтанаты жас шыбықтарды отырғызумен басталып, конференция одан әрі «Дөңгелек үстелмен» жалғасты. «Дөңгелек үстел» барысында қазақстандық және британдық тараптар Қазақстанның креативті экономика секторын дамыту және ынтымақтастық мүмкіндіктерін талқылады.

Бақытжан Сағынтаевтың айтуынша, Британ университетінің ашылуы Алматыны Орталық Азиядағы білім беру хабы ретінде дамытуына жаңа серпін береді, оған Орта Азия өңірінің үздік ойшылдары мен дарындары әлемдік деңгейдегі қолжетімді білім алу үшін келеді.

Қала әкімі бүгінгі ашылу салтанаты екі-жақты серіктестіктің басы ғана екенін айтты. Алдағы үш жылда университет 20 млн. АҚШ долларын құрайтын инвестициялармен қалада әлемдік деңгейдегі меншікті кампустың құрылысын бастамақ. Құрылыс жобасы жасалып қойған.



БЕЛСЕНДІ ӨМІР САЛТЫНА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ

Алматылықтардың арасында жылдан-жылға артып келеді



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

(Басы 1-бетте)

«МЕДЕУ» МҮЗ АЙДЫНЫНДА ЖАҢА МАУСЫМ БАСТАЛАДЫ

Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев «Медеу» мұз айдынында сырғанау маусымының басталғанын хабарлады. 50-ші мерейтойлық маусымның ашылуы 5 қарашада өтеді. Қаладағы санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды ескере отырып, мұз айдынында бір мезгілде 2500-ге жуық адам бола алады. Мұз айдынының жобалық сыйымдылығы – 8600 адам, оның 30%-ы – 2580 адам.

«Медеуге» кіру тек Ashuq қосымшасы арқылы жүзеге асырылады. Билеттерді тек онлайн-режимінде сатып алуға болады. Биік таулы мұз айдынының қызметкерлері өз қонақтарына бірқатар жағымды жаңалықтар дайындады. Мысалы, жаппай және мәнерлеп сырғанауды ұнататындар мұздағы өз шеберліктерін жаңа жарықпен безендіре алады. Сонымен қатар, жалға беру аймағы өзгерді. Алғаш рет конькиді кепілсіз жалға беру жүйесі енгізілді. Өткен жылмен салыстырғанда сеанстар ұзартылды және 3 сағатқа ұлғайды. Демалыс және мереке күндері кешкі сеанс сағат 00.00-ге дейін ұзартылды. 7 жасқа дейінгі балалар, көпбалалы отбасылардың балалары, барлық санаттағы мүгедектер мен зейнеткерлер тегін кіру құқығына ие. Оқушылар мен студенттер үшін билет құны биыл өзгерген жоқ. Мұз айдынына барған кезде жұмыс күндері таңғы сеанстарда балалар үшін билет құны 400 теңге, студенттер үшін – 600 теңге. Демалыс және мереке күндері кешкі сеанстарға кіру билеттері азаматтардың басқа санаттары үшін 2800 теңге тұрады. Айта кетерлігі, енді қала тұрғындарына танымал мұз айдынына жету ыңғайлы болады, қала әкімдігінің бастамасымен №12 автобустың бағыты ұзарды, енді соңғы автобус «Медеуден» қалаға сағат 00.30-да шығады. Бұдан өзге «Балуан Шолақ спорт сарайы» – «Медеу» мұз айдыны бағыты бойынша экспресс автобустың жұмысы қайта жанданды. Бастапқы кезеңде экспресс демалыс және мереке күндері сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін жүреді, жол жүру құны – 200 теңге.

«ШЫМБҰЛАҚ» ҚЫСҚЫ МАУСЫМҒА ДАЙЫН

Алматы тұрғындары арасында белсенді өмір салтына деген қызығушылық жылдан-жылға артып келеді. Қала әкімдігі түрлі жастағы адамдар үшін тартымды орынға айналатын көптеген спорт алаңда-

рын ашады. Алматыда тау шаңғысы маусымы дәстүрлі түрде «Шымбұлақ» курортында басталады. 14 қарашадан бастап қарлы беткейлерде шаңғы тебуге болады. Жөнделген тау шаңғысы мектебі мен Shymbulak Resort Hotel қонақүйінің ашылуы бірнеше күн бұрын 9 және 10 қарашада өтеді. «Шымбұлақ» тау шаңғысы курорты қысқы маусымның ашылуына 100 пайыз дайын. Шаңғышылар мен сноубордшылар үшін жолдар күндіз де, түнде де қайтадан қолжетімді болады. 20 қарашаға қарай Талғар асуынан түнгі сырғанау өткізілетін «Талғар» трассасына қосымша жарықтандыру жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Оның ұзындығы 3640 метрді құрайды, ал жарықтандыру алаңы екі есе артады.

Отандық «Шымбұлақ» тау шаңғысы курорты ТМД және Орталық Азиядағы ең ұзын жарықтандырылған трассаның иесі болып табылады. Ал Алматы тау шаңғысы инфрақұрылымының апгрейдерлерін барлық ниет білдірушілер көре алады, өйткені мұнда жаңадан келгендер үшін де, тәжірибелі шаңғышылар үшін де барлық жағдай жасалған. Жабдықтарды жалға беру пункті, нұсқаушылар жұмыс істейді, сонымен қатар туристерге түрлі қысқы ойын-сауық ұсынылады. Сондай-ақ, «Шымбұлақ» ТК-да бірыңғай маусымдық ски-пассалар басқаша айтқанда, курорт қызметтерін пайдалануға болатын абонемент ұсынылады. Ски-пассаларды (бірыңғай абонементтерді) сату 28 тамыздан бастап іске қосылды, оларды сатып алу қысқы маусым бойы «Шымбұлақ» ТК және «Oi-Qaragai» ТК еш кедергісіз баруға мүмкіндік береді. Мұндай өнімді жасау – бірінші кезең. Бюджетті бөлудің әділ жүйесі болашақта жобаға Алматы мен Алматы облысының басқа да курорттарына қосылуға мүмкіндік береді. Ски-пассар иелері 38 тау трассасының 45 шақырымында сырғанап алады, лимитсіз 19 көтергішті пайдаланады, мейрамханалар мен мейманханаларда бонустар ала алады. Абонементте қосымша екі курортта да тегін тұрақ бар.

Шымбұлақта қысқы маусымның басталуына орай Тау шаңғысы мектебі күрделі жөндеуден өтті. 9 қарашада барлық тілек білдірушілер 3 жастан асқан балалар мен ересектерге арналған оқуға жазыла алады. Жаттығуды сноуборд пен тау шаңғысы бойынша тәжірибелі супервайзерлер жүргізеді. «Шымбұлақ» ТК хабарлағандай, мектепті реконструкциялаған соң бір терезе қағидаты тұжырымдамасы енгізілді, сондай-ақ келушілерді көбірек қамти ала-

тын нұсқаушылардың саны артты. Тау шаңғысы мектебінде қосымша жабдықтарды жалға алу, дүкен ашылады, қосымша локерлер, балалар клубы, спорттық шаңғы клубы пайда болады. Сонымен қатар, аумақта танымал тағамдар орындары мен кофеханалар желісі ашылады. Сондай-ақ, Алматы тұрғындары мен қонақтарын реконструкцияланған Shymbulak Resort Hotel екінші қабатының 10 қарашада болатын ашылуына шақырады. Ал тау пейзаждары мен белсенді демалысты ұнататындар қылқан жапырақты ағаштар арасында орнатылған «Медеу» станциясының арқан паркін пайдалана алады немесе ең аз дайындықпен туристер үшін есептелген ұзындығы 4300 метр «Денсаулық жолымен» жүре алады.

БАЛАЛАР 71 ТҮРЛІ СЕКЦИЯҒА ТЕГІН БАРАДЫ

Алматы әкімдігі биылдан бастап балалардың спорт секцияларындағы сабақтарына ақы төлейтін болады. Бұл мақсатқа 1,5 миллиард теңге бөлінді, барлығы 40 мыңға жуық баланы қамту жоспарлануда. Оның үстіне, баланың қалауы бойынша спорт түрін таңдауға болады. Бұл мемлекеттік спорттық тапсырыс бойынша жан басына нормативтік қаржыландыруды енгізу арқасында мүмкін болды. Тегін секцияларға 4 жастан 18 жасқа дейінгі балалар қатыса алады және 71 спорт түрінің бірін таңдай алады. Үйден шықпай-ақ, платформа арқылы ең қолайлы секцияны artsport.edu.kz платформасы арқылы таңдауға болады. Мұны ата-аналардың өздері сайтқа тіркелу арқылы жасай алады. Қазіргі кезде 24 мың өтініш берушіге тегін сабақтарға ваучерлер берілді, 26 спорт түрі бойынша 18 630 бала сабақты бастады. Ең көп сұранысқа ие футбол, таэквондо, каратэ, жүзу және дзюдо секциялары.

Айта кетерлігі, бүгінде секциялардағы сабақтар үшін мемлекет тарапынан жалпы сомасы 141 млн. теңге төленді. Өңірлер арасында Алматы бөлінген қаржы бойынша бірінші орынды иеленген және нақтылы айналысатындар жөнінде де бірінші орында. Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша қалада спортпен айналысу үшін инфрақұрылым белсенді дамуда. Қалада 3400-ге жуық спорт нысандары, оның ішінде 12 стадион, спорт сарайы, 14 спорт кешені және 12 спорт ғимараты жұмыс істейді. Сондай-ақ, мегаполисте құрама командалардың 5 оқу-жаттығу орталығы, 3 шаңғы базасы, 12 ату тирі, атыс алаңы, велотрек, секіруге арналған трамплин, 6 хоккей корты, конькимен жүгіру стадионы, 2671 тегіс ғимарат, 102 теннис корты, ипподром, 10 спорт манежі, 51 бассейн, 483 спорт залы, 12 кіріктірілген спорт залы бар.

Алматыдағы жабық спорт нысандарының алаңы 81 503 шаршы метрді құрайды. Оларды ұлғайту үшін ағымдағы жылы жергілікті бюджет есебінен қаланың шетінде жалпы ауданы 38 мың шаршы метр 6 денешынықтыру-сауықтыру кешені мен теннис орталығы салынууда. Оның жалпы өткізу қабілеті тәулігіне 5250 адамды құрайды, спорт секцияларының саны – 150. Қазіргі кезде бюджеттен тыс қаржы есебінен бес жаңа спорт нысанының құрылысы жүріп жатыр, оның ішінде ДСК, үстел теннисі орталығы, күрес кешені бар. Бұдан басқа, теннис орталығының құрылысы аяқталды. Спорттың 15 түрі бойынша 70-тен астам спорт секциясы ашылатын болады.

Тікелей эфирде Бақытжан Сағынтаевқа қала тұрғындары қоғамдық көлікке, көшелердегі жөндеу жұмыстарына, арықтар мен кәріз құбырларына қатысты біраз сұрақтар қойды. Мегаполис басшысы тұрғындарды толғандырған сұрақтарды мұқият тындап, олардың мәселелерін шешуді тиісті мекеме басшыларына тапсырды.

Әзірлеген
Айнұр СЕНБАЕВА.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Биыл Алматыда
аз қамтылған көпбалалы
227 отбасы
баспаналы болды.



Мегаполисте жыл басынан бері
31 шақырым
тротуар жөнделді.



Шаһарда 2023 жылы іске
қосылатын 15 өндірістік паркке
5,9 млрд. теңге
инвестиция салынбақ.



Қазіргі таңда
әр алматылыққа
7,7 шаршы метр
жасыл кеңістік тиесілі.



Қала бойынша биыл
29 әлеуметтік
нысан қолданысқа берілді.



Алматының 9
ықшамауданындағы
341 көшенің
жолдары күрделі
жөндеуден өтеді.



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ҰЛТТЫҚ ЖОБАНЫҢ БЕРЕРІ КӨП

Зиялы қауым өкілдері мәдени даму мәселелерін талқылады

Кеше ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов әлеуметтік-мәдени даму және эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру мәселелері бойынша Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру барысымен танысу мақсатында оңтүстік астанаға жұмыс сапарымен келді.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Ералы Тоғжанов ҚР Ұлттық кітапханасында «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын талқылау бойынша ғылыми-шығармашылық зиялы қауым өкілдерімен кездесу өткізді. Кездесуге ҚР мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева, Білім және ғылым вице-министрі Шолпан Каринова, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров, сондай-ақ, шығармашылық және академиялық саланың, Қоғамдық кеңестің, Қазақстан халқы және Жастар ассамблеясының өкілдері қатысып, шараға жиналған зиялы қауымның «Ұлттық рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы ұсыныстары мен өтініш-тілектерін тыңдады.

Жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ұлттық жобалар тізбесін



Суреттерді түсірген Самат КҰСАЙЫНОВ.

бекіту туралы» Жарлығымен бекітілген ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді, мәдени деңгейді арттыру және заманауи қоғамды рухани жетілдіру, ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бағдарламалық мақаласында көрініс тапқан «Рухани жаңғыру» құндылықтарын және «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын ілгерілету мәселелеріне назар аударылды.

Алматыда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ағымдағы жылдың 9 айында 347 жоба жүзеге асырылды. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында 80-нен астам

іс-шара орындалды, олардың көпшілігі даланың ұлы тарихи қайраткерлерінің өмірін, мұрасын насихаттау бойынша өтті. Кітапханалар базасында «Ұлы даланың ұлы есімдері» арнайы жобасын қамтитын 105 дамыту үйірмесі жұмыс істейді. «Жаңа гуманитарлық

киноның түрлі форматтарында ілгерілету, мемлекеттік тілде білім беру контентін арттыру және т.б. мәселелер бойынша бірқатар ұсыныстар айтты.

Талқылауға Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы Ұлықбек Есдәулет, ҚР Кинематографистер одағының басқарма төрағасы Ермек Тұрсынов, «Қазақстандық авторлық қоғам» РҚБ төрағасы, ҚР Композиторлар одағының құрметті төрайымы Балнұр Қыдырбек, М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театрының директоры Еркін Жуасбек, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Зиябек Қабылдинов, жазушы Смағұл Елубаев, М.Лермонтов атындағы Ұлттық академиялық орыс драма театрының директоры Юрий Якушев, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің экс-ректоры Такир Балықбаев, лингвист Анар Фазылжан қатысты. Өз кезегінде, мемлекеттік органдар өкілдері «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы аясындағы жұмыстың негізгі бағыттарын түсіндіріп, көтерілген мәселелерге түсініктеме берді.

«Зиялы қауыммен кездесіп, жоба аясындағы өтініш-тілектерін тыңдауға арнайы келдік. Елімізде эпидемиологиялық жағдай салыстырмалы түрде екені анық. Бүгінде әлемде жағдай қандай екенін көріп отырсыздар. Сондықтан Мемлекет басшысының тапсырмасымен нақты шараларды дер кезінде қабылдағаннан кейін жағдайды қалыпқа келтіруге мүмкіндік туды. Дегенмен, карантиндік тәртіпті сақтау маңызды. Қасым Жомарт Кемелұлының тікелей тапсырмасына байланысты жалпыұлттық жобалар талқыланды. «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы аясында ұсыныстарыңызды тыңдауға келдік», – деді ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов.



Смағұл ЕЛУБАЙ, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

– «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы басталғанына талай уақыт болды. Жоба аясында бірнеше мәселе шешімін тапты. Бірақ әлі де орындалмаған мәселелер жетерлік. Үш министрліктен келіп біздің ұсыныстарымызды тыңдады. Мәдениет, ақпарат, білім саласындағы мамандарға осы салалардағы жетістіктерді емес, кемшіліктерді жеткіздік. Солардың бірі әрі ең маңыздысы – қазақ тілі мәселесі. Мәселен, елімізде көрсетілетін телеарнадағы бағдарламалардың айдарына қазақтың тілінің қасына міндетті түрде ағылшын сөзін қосып қоятын болды. Сол сияқты, қазақтың киелі жері Түркістанда ең ұлы бабамыздың атын келеке еткендей ағылшынша Yassawi tower деп жазып қойған. Осы арқылы тілімізді өзге емес, өзіміз келеке етіп отырмыз.

Келесі мәселе, қазақтың киносын дамыту, көрсету. Себебі, ең үлкен бұқаралық өнер ол – кино. Экранда не көрсетілсе, мемлекет сондай болмақ. Кеңес үкіметін құлатқан Голливуд кинолары болды. Сондықтан кино деген нәрсеге аса сақ болу керек. Қазақтың киноларын көбірек прокатқа шығару керек. Бүгінгі жиында осы секілді тіл, ұрпақ тәрбиесі туралы біраз маңызды ұсыныстар айтылып, жақсы келелі әңгіме болды деп санаймын.



Зиябек ЕРМҰХАНҰЛЫ, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, тарих ғылымының докторы, профессор:

– Кездесуде бірнеше мәселе көтерілді. Түсірілетін кино сценарийлерін тарих, тіл ғылымы, археология институттарына таныстырып, хат жіберсе деген ұсынысты ортаға тастадық. Сонда, әсіресе, тарихи киноларға айтылған сын азаяр еді.

Кездесу соңында Ералы Тоғжанов ғылыми-шығармашылық зиялы қауым өкілдеріне мәдени құрамдас бөлікті дамытуға, елдің шығармашылық әлеуетін арттыруға қосқан үлесі үшін алғыс білдіріп, мемлекеттік органдарға ұлттық жобаларды, оның ішінде кездесу барысында айтылған ұсыныстарды ескере отырып, сапалы іске асыру үшін өзара іс-қимылды күшейту жөнінде бірқатар тапсырмалар берді.

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША

E-Salyq Bussines мобильді қосымшасы іске қосылады. ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары Жайдар Іңкәрбаевтың айтуынша, қосымшаны 400 мың жеке кәсіпкер қолдана алады.

ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті E-Salyq Business жаңа мобильді қосымшасын таныстырды. «Қазіргі кезде мобильді қосымша Ақмола және Жамбыл облыстарында тестілеуден өтуде. Осы орайда 3,5 мыңға тарта кәсіпкер осы қосымшаға тіркеліп, пайдаланып жатыр. Алдағы жылдан бастап қосымша толық режимде іске қосылады. 400 мыңға жуық кәсіпкер қосымшаны пайдаланады», – деді Жайдар Іңкәрбаев Орталық коммуникациялар қызметінде. Белгілі болғандай, пилоттық тестілеуде жеке кәсіпкер ретінде тіркелгендер және арнайы салық режимін қолданатындар ғана қатыса алады. Комитет мәліметіне қарағанда, E-Salyq Business жаңа мобильді қосымшасын Play market-тен жүктеуге болады. Сонымен қатар, App Store-де аталған қосымшаны жүктеу үшін берілген өтінімге жауап алу рәсімдері жүріп жатыр.



Әзірлеген
А.ТҮРЛЫҒАЗЫ.



МЕТРО ҚОЗҒАЛЫСЫ МІНСІЗ

Алматы метросында пойыздардың қатынау аралығы қысқарды. «Метрополитен Сити» мекемесі өкілдерінің хабарлауынша, бұл шара қаладағы метроны пайдаланатын жолаушылар ағынының күн санап артуына байланысты қабылданып отыр.

Көптеген жолаушылардың өтініштері бойынша Алматы метросында халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту мақсатында қарбалас уақытта пойыздардың қатынау аралығы 10 минуттан 7 минутқа дейін қысқарды. «Метрополитен Сити» мемлекеттік кәсіпорнының жұмыс уақыты – Астана уақыты бойынша 06.20-дан 00.00-ге дейін.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЛЫҢ ҚАР ЖАУАДЫ

Синоптиктер 3–5 қарашадағы Алматының ауа райы болжамын жариялады. Алдағы күндері күн бұлттанып, жауын-шашын болады, жел күшейіп, ауа температурасы түнде -5...-10°C, күндіз -3...-5°C дейін төмендейді.

Алматы қаласының Төтенше жағдайлар қызметі 3–5 қарашада Алматыда қар жауып, тұман түсіп, көктайғақ болатынын ескертті. Сондықтан төтенше жағдайдың алдын алу үшін қала халқына ауа райының өзгеруіне байланысты қауіпсіздік шараларын сақтауды сұрайды. Көктайғақ кезінде құлап, жарақаттанудан сақтаныңыз. Сондай-ақ, жолға шыққан кезде абай болу керек, көліктің дөңгелектерін ауыстыруды естен шығармаңыздар! Мүмкіндігінше жеңіл көлікпен алыс жолға шықпаған жөн.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





ЖЕДЕЛ ШТАБ

ЖАҢА ТОЛҚЫННЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҢЫЗДЫ

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен КВИ таралуының алдын алу жөніндегі жедел штабтың кезекті отырысында санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру, өлім-жітімді азайту және вакциналану қарқыны мәселелері талқыланды.

Соңғы мәліметтер бойынша 2 қарашада коронавирустық инфекцияның 166 жаңа жағдайы тіркелді, оның 157 симптомдық белгілері бар және 9-ы симптомсыз. Барлық емделіп шыққандар – 129, келіп түскені – 104. Инфекциялық



Айнұр
СЕНБАЕВА

Ахуалдың тұрақтануына және жалпы эпидемиологиялық жақсарып келе жатқанына қарамастан, эпидемиологтар кез келген уақытта жағдайдың нашарлауы мүмкін екенін ескертеді. Бұған Еуропа мен Ресейдегі эпидемиологиялық ахуалдың өрши түсуі, вакциналану қарқынының төмендеуі ықпал етуі мүмкін. Индеттің жаңа толқынының қаупін азайту үшін алматылықтарға эпидемиологиялық талаптарды сақтау және вакциналану қажет. КВИ-ге қарсы екпе салуға жататын қала тұрғындарының жалпы санының кемінде 80%-ы вакцина алуы тиіс.

Науқастардың жас құрамын салыстырмалы талдау кезінде апта ішінде дерт жұқтырғандардың 77%-ы вакциналанбаған 20 жастан асқан азаматтар екені анықталды. 14 жасқа дейінгі балалар арасында жұқтырғандар саны 2,2%-ға, 40–59 жастағы адамдар арасында 1,4%-ға өскені байқалады.

Сырақтанушылардың 85%-ы инфекцияны сауда объектілерінде (28%), қоғамдық көлікте (21,4%), отбасындағы байланыста (22,3%) және базарларда (8%) жұқтырған. Үйде инфекция жұқтыру 4,4%-ға



өсті. Дерт туыстармен, көршілермен және таныстармен байланыс кезінде, сондай-ақ отбасылық іс-шараларды мерекелеу санының өсуіне орай таралууда.

Белгіленген карантиндік шектеулердің сақталуын қамтамасыз ету бойынша мониторингтік топтардың жұмысы жалғасады. 25–31 қазан аралығында кәсіпкерлік нысандарында 19 және қоғамдық көліктерде бетперде режимі сақталмаған 23 тәртіп бұзушылық анықталған.

Кенес барысында Biontech және Pfizer бірлесіп әзірлеген «Комирнати» препаратымен вакциналауға дайындық мәселелері қаралды. Препараттың жеткізілуі осы айға жоспарланған.

стационарларда (2 334 төсек-орын) жалпы саны 888 адам (оның ішінде 27 балалар) емделіп жатыр. Жалпы реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде – 99. ӨЖЖ – 22, инвазивті емес ӨЖЖ – 42, High Flow-да 25 аппарат жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда БМСК мен Телемедицина орталығы дәрігерлерінің бақылауында 1874 науқас бақылауда, олардың ішінде жеңіл және орташа ауырлық дәрежесінде 1792, симптомсыз 82 науқас бар. Алматы қаласы бойынша бір тәулік ішінде вакцинаның 1-компонентін 1386 адам, 2-компонентті 2254 адам алды.

ҚАУЛЫ

Карантин талаптары жеңілдеді

Алматыда «сары аймақ» нормалары күшіне еніп, 1 қарашадан бастап «қызыл аймақтың» карантиндік шектеулері алынып тасталды. Енді Алматы кәсіпкерлері келесі ережелер бойынша жұмыс істей алады:

- Мейрамханалар, кафелер мен кофеханалар 50%-ға дейін толған кезде 60 орыннан аспауы керек, қоғамдық тамақтану орындары 20%-ға дейін толтырыла алады (бірақ 30 орыннан аспауы керек), еске алу шараларына арналған банкет залдары 30%-ға пайызға толтырыла алады (50 адамнан аспауы керек);

- Салтанатты, естелік, отбасылық іс-шаралардың (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар) өткізілуі мен түнгі клубтардың жұмысына рұқсат беріледі. Бірақ толтырылымы 50%-ға дейін, 70 орыннан аспайтын болуы шарт.

- Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, филармониялардың толымдылығы 30-дан 40%-ға айызға дейін артты.

- Бильярд, компьютерлік клубтар, соның ішінде PlayStation клубтары, боулингтер, караоке, лотерея клубтары, ауданы 1000 шаршы метрге дейінгі балалар ойын-сауық орталықтары (жабық), букмекерлік кеңселер – толымдылығы 50%-ға дейін, сондай-ақ саны 50 адамға дейін ұлғайтылады.

- Ауданы 1000 шаршы метрден асатын балалар ойын-сауық орталықтары 100 адамға дейін қабылдай алады;

- Көрмелер – толтырылу деңгейі 200-ден 300 адамға дейін өседі.

Ал келесі нысандар шектеусіз жұмыс істейді: алкогольдік ішім-



діктерді сатпайтын асханалар типі бойынша қоғамдық тамақтандыру объектілері (үй-жайда); сауна, монша; СПА орталықтары; бассейндер; спорттық-сауықтыру орталықтары және фитнес-орталықтар, йога-орталықтар; облысаралық және облысшілік тұрақты тасымалдар; қонақүйлер; әуежайлар, теміржол, автомобиль және су вокзалдары, өзен және теңіз порттары, авто-станциялар, автоөтпе жолдар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері; ҚҚКО; сауда-ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері, сауда желілері; базарлар (жабық); балаларды сауықтыру ұйымдары; сәулеу орталықтары мен салондары, шаштараздар, маникюр мен педикюр, косметикалық және косметологиялық қызмет көрсету салондары (жазба бойынша); білім беру объектілері, ЖОО, колледждер, білім беру орталықтары.

Ashuq жобасына қатысатын әлеуметтік-экономикалық объектілер жұмыс күндері сағат 00.00-ге дейін, ал көшбасшылары сағат 02.00-ге дейін; демалыс күндері 02.00-ге дейін жұмыс істейді.

Әзірлеген
А.НҮРСАБЕТ.

ІЛТИПАТ

Дәрігерлерге мың алғыс

Жуырда әкеміз Жаксыбай Құрашұлы кешкі беймезгіл уақытта аяқастынан қатты ауырып, жедел жәрдем шақырдық. Жедел жәрдем шұғыл жетіп, әкемізді Ұзынағаш ауылынан облыстық ауруханаға дер уақытында жеткізді. Жедел операция жасап, жанын алып қалған ақ халатты абзал жандарға, сергек

жүргізушіге газет арқылы мың алғыс айтқымыз келеді.

Антына әркез адал дәрігерлердің еңбегі өлшеусіз екеніне көзім жетті. Сіздер аман болыңыздар, жақсы адамдар!

Эльмира
ЖАҚСЫБАЙҚЫЗЫ.
Алматы қаласы.

АЛҒЫС

Жылы сөз де ем-дәру

Соңғы жылдары қоғамда орын алған индеттің беті қазір аз да болса қайтқан сыңайлы. Дегенмен, бұл индет адамзаттың арашашысы болған ақ халатты абзал жандардың еңбектерінің өлшеусіз екенін дәлелдей түсті.

Мен осы қаланың байырғы тұрғынымын, №24 емханада тіркеуде тұрамын. Ұзақ жылдардан бері дәрігерлердің ем-шіпасының арқасында отбасымының ортасында, немерешөберелерімнің алдында шапқылап жүріп жатқан жайым бар. Үлкен кісі болған соң кейде ыңкыл-сыңқылымыз болып тұрады. Ондай кезде алдымен Төнірге, сосын дәрігерге жүгінемін. Айтқым келіп отырғаны, емхана қызметкерлерінің мінсіз қызметі мен антына деген адалдығы. Қашан барсаңыз да қабақ шытпай қарсы алып, күлімсіреп шығарып салады. Жылы сөздің өзі адамға ем ғой. Кейде тіпті қай жеріңнің мазалап

келгенін ұмытып кеткен де кезең болды. Сондай кезде «бұл кісілердің өздері дәрі, сөздері дәрумен екен-ау» деген ой келеді.

Мен «Ақшам» газеті арқылы бұл кісілердің еңбектері жана берсін, ең бастысы, денсаулықтары мықты болсын деймін. Осы №24 емхананың бас дәрігері Гүлжиян Маяковаға ерекше алғысымды білдіремін. Сондай-ақ, бас мейірбике Қарлығаш Ақылбаева, күндізгі стационар меңгерушісі Айжайна Жаксыбаева, аға мейірбике Бибігүл Аманова, учаскелік дәрігері Айгүл Кәрімбаева, психолог Салтанат Ерназарова, эндокринолог Айжамал Есіркепова, Терапия бөлімінің меңгерушісі Сағыныш Мелес, күндізгі стационар мейірбикесі Ләйла Ибраева сияқты жүрегі нұрға толы жандарға аналық алғысымды білдіргім келеді.

Калес АЙДАРҚҰЛОВА,
зейнеткер.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

Балаларға екпе салынуда

АҚШ билігі балаларға 5 жастан бастап вакцина салуды мақұлдады. Нақтырақ айтсақ, 5–11 жас аралығындағы балаларға корона-вирусқа қарсы Pfizer/BioNTech өндірісіндегі вакцинаны салуға шешім қабылданған.

Миллиондаған ата-ана балаларына екпе салуға тырысып жатыр. Себебі, «дельта» жұқтырып педиатрияға түскен науқастар саны күрт артып кеткен.

Айтпақшы, АҚШ Тайваньға «Модерна» вакцинасының 1,5 млн. дозасын сыйлады.

КОЛУМБИЯ дәрігерлері 3 жастан асқан балаларға вакцина салып жатыр.

3–11 жас аралығындағы жеткіншектерге қытайлық «Синовак» екпесі егілуде. Одан бөлек, Pfizer мен Moderna препараттарын да салуға болады.

КАНАДА жерінде орналасқан Британдық Колумбия провинциясында вакцинадан бас тартқан 3 мың 300-ден астам медицина



қызметкері жұмыстан шығарылған. Жалақысы да төленбеген. Салдарынан өңірдегі аурухана-ларда маман тапшылығы сезіліп, жоспарлаған операциялардың көбі кейінге ысырылған. Жалпы, бүгінде аймақтағы 127 мың 500 медицина қызметкерінің 96%-ы вакцинаның екі компонентін де салдырған.

Тағы 2 мыңға жуық маман екпенің бірінші дозасын алыпты. Қалған 3 мыңнан астамы

вакцинадан үзілді-кесілді бас тартқан.

ҚЫТАЙ да пандемия басталғалы коронавируспен алысып келеді. Халқының 75%-нан астамы толықтай вакцина алғанына қарамастан, елдегі карантиндік талаптар аса қатан. Шекара жабық. Әуе тасымалы сиреген. Шетелдік студенттер мен туристердің ел аумағына өтуіне тыйым салынған. Қандай да бір қалада индет жұққаны туралы дерек тіркелсе, бірден локдаун жарияланады.

ОҢТҮСТІК КОРЕЯ болса, елде вирус жұқтыру көрсеткіші әлі де жоғары екендігіне қарамастан, карантиндік шектеу шараларын жеңілдетіп жатқан көрінеді. Бірақ вакциналау қарқынын үдеткен.

Елдегі жаңа тәртіпке сай, жергілікті сауналар, жаттығу залдары мен барлар жұмыс істейді. 500 адамға арналған бұқаралық іс-шаралар өткізуге де рұқсат.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

операция жақсы өтіп, қазіргі уақытта оңалтудан өтіп жатыр», – деді ортопедия бөлімшесінің меңгерушісі Қанат Тәуекелов.

«Азаматтар МӘМС жүйесіне қосылу арқылы өзін-өзі денсаулыққа жұмсалатын шығындардан сақтандырады. Олар ай сайын шама-шарқынша жарна төлеп, медкөмекті қажетінше пайдалана алады. Мысалы, КТ, МРТ-ға түседі немесе осындай құны миллион теңгеден асып-жығылатын жоғары технологиялық операция жасатады. Медициналық сақтандырудың артықшылығы да осында», – деді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Алматы қалалық филиалының директоры Тілеухан Әбілдаев.



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Орталық қалалық клиникалық ауруханасында дәрігерлер Тараз қаласынан келген 63 жастағы әйелдің екі аяғының тізе буынына толық эндопротездеу жасаған. Наукас 4-ші дәрежедегі пішін өзгертетін гоноартрозға ұшыраған. Ол аралас контрактура диагнозымен

ауруханаға жатқызылған. Ота алдымен оң аяғына, 7 айдан кейін сол аяғына жасалды. Әр операция 2 сағатқа созылған.

«Тізе буынын протездеген кезде зақымданған тізе «жасанды тізе буынына ауыстырылады». Сонымен қатар, сүйектің үсті металдан және пластиктен жасалған имплантантпен қапталды. Пациентке жүргізілген екі

**Бақытжан САҒЫНТАЕВ:**

Ерекше назар аударылатын жолдар мен қоғамдық кеңістіктердің жағдайы жеке қаралды. Қаланың көше-жол желісінің жалпы ұзындығы – 3097 шақырым, оның 299 шақырымы қатты жабыны жоқ. Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесін 80%-дан 83%-ға дейін арттыру мақсатында жаңаларын жөндеу және салу жұмыстары жүргізілуде.

Жыл басынан бері жалпы ауданы 214 мың шаршы метр жолдарда ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді, 31 шақырым тротуар, 65 аялдама алаңы жөнделді. Қысқы кезеңде шұңқырларды жөндеу үшін 5 бірлік арнайы техника – термос-бункерлер сатып алынды, 200 тонна арнайы қысқы асфальт дайындалды.

Ұзындығы 201,1 шақырым жоспарланған 206 көшенің 197 көшесіне орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Серік
ЖҰМАБАЕВ**КӨЛІК ЖҮРГІЗУШІЛЕРІ ДӘН РИЗА**

Әрине, айту – бөлек, ал орындау – мүлдем басқа. Бұл ең қиын және жан-жақты іс. Үлкен қалада барлық тұрғындардың өтінішін қанағаттандыру оңай емес. Дегенмен, бүгінгі күні біз қалалық кеңістіктегі өзгерістерді бағалауға мүмкіндігіміз бар.

Мәселен, автокөлік жүргізушілерінің велосипед қозғалысына қатысты көтерген мәселелері есте болар. Бұл өте орынды көтерілді. Себебі, Алматы жолдарында екі дөңгелекті көлікке арналған сызықтар өте аз еді. Осы ретте тұрғындар Алматы көшелерінің жүріс бөліктеріндегі қалыптасқан жағдайға талдау жасауды сұрады. Шешім дереу қабылданды. Велосипедке арналған белгілер көптеп қойыла бастады. Бұған автокөлік жүргізушілері де, велосипедшілер де риза болды.

Сондай-ақ, автокөлік иелерінің өтініші бойынша және толықтай негізделген тәжірибе негізінде, оларға мыңдаған тұрақ орындары қайтарылды. Бұл жерде «Алматыпаркинг» ұйымына толассыз жылы лебіздер білдірілді. Мүтедектерге, жеңілдігі бар ардагерлерге тегін негізде тұрақ орындары берілді.

Ал Алматы автокөлік жүргізушілері әл-Фараби даңғылы мен Шығыс айналма жолы бойынша кенеттен қозғалысты шектеген ыңғайсыз шағын жылдамдықты жою туралы жаңалықты қандай қолдаумен қабылдады? Жол жағдайын байыпты есептеу және талдау нәтиже көрсетті: осы айналма жолмен бір тәулік ішінде өткен автомобильдер саны артып, пайдаланылған газдардың зияндылығының жалпы құрамдас бөлігі азайды.

**ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР ЖАҚСАРДЫ****АЛМАТЫЛЫҚТАР ҮЙЛЕРІН ЗАҢДАСТЫРДЫ**

Ал енді аудандық жетістіктер туралы айтатын болсақ, мұнда да біз қала өмірінің барлық бағыттары бойынша халықтан түсетін шағымдар санының төмендегенін байқаймыз.

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевқа жүгінгеннен кейін екі мыңнан астам алматылық өз үйлерін заңдастырды. Қала басшысының тапсырмасы бойынша тұрғындар үшін әкімшілік кедергілерді азайту бойынша бірқатар шаралар жүргізілді. Сондай-ақ, мегаполис басшысы Қазақстанның Экологиялық кодексіне түзетулер енгізуге бастамашы болды.

– Біз «Шаңырақ-5» шағынауданында тұрамыз. 2013 жылдан бастап біз өз учаскелеріміз бен үйлерімізді заңдастыра ал-

мадық. Өйткені, біздің аумақ зираттарға жақын орналасқан. Бұл мәселені шешуге көмектесіңіздер, – деп шағымдарын жеткізді Алатау ауданының тұрғындары. Қала тұрғындарының көптеген шағымдарына жауап ретінде мегаполис басшысы ҚР Экологиялық кодексіне түзетулер енгізуді ұсынды.

«Біз бұл мәселені министрлікке жолдадық. Заңға өзгерістер енгізуді ұсынамыз. Көп ұзамай сіз өз үйлеріңізді заңдастыра аласыздар», – деді Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев.

Сондай-ақ, мегаполис басшысының тапсырмасы бойынша қалалық Жоспарлау және урбанистика басқармасы кейбір шағынаудандардағы қызыл сызықтарға түзету

жүргізді. Нәтижесінде 2192 алматылық үйлерін заңдастыра алды. Алатау ауданы – 979, Наурызбай ауданы – 507, Түрксіб ауданы – 291, Медеу ауданы – 234, Бостандық ауданы – 86, Әуезов ауданы – 37, Жетісу ауданы – 58.

«Экологиялық кодекске түзетулер заңды күшіне енгеннен кейін заңдастырылған тұрғын үй құрылыстарының саны бірнеше есе артады», – деп хабарлады қалалық Жоспарлау және урбанистика басқармасы.

– Зираттардың санитарлық-қорғау аймағында орналасқан үш мыңнан астам құрылыс бар. Жақында ғана біз Денсаулық сақтау министрлігінің зираттардың санитарлық аймағын қысқарту туралы бұйрығын күтеміз. Бұл да Алматы қаласының тапсырмасы еді. Осы өтініш бойынша санитарлық қорғау аймақтары қысқарты-

латын болады. Біз заңдастыру мүмкіндігі үшін аумақтардың 70%-ын қала құрылысы ауыртпалықтарынан босата аламыз. Бұл Алатау ауданындағы 3800-ге жуық үй құрылысы, – деді қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасының өкілдері.

Кейбір шағынаудандардың тұрғындары қажетті құжаттарды дайындауға кірісті.

Мысалы, «Өжет» ықшамауданы Шалкөде көшесінде 30-дан астам үйдің тұрғындары өз учаскелерін заңдастырды. Алматылықтар зираттардың санитарлық-қорғау аймағын қысқартудың арқасында көптен күткен құжаттарын алды. Енді бұл жол үш жүздің орнына 100–150 метр болады. Алдағы айларда қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы тарапынан Тұрғын үй құрылыстарын заңдастыру мәселесі толық шешіледі.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ТҰСАУКЕСЕР

Айжан
БҮРКІТБАЕВА


Алматыда «Әлихан Бөкейханов. Дәуір адамы» («Алихан Букейханов. Человек-эпоха») кітабының тұсаукесері өтті.

Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханов жайлы еңбекті ресейлік азамат, тарих ғылымының докторы, Сібір басқару және бұқаралық коммуникациялар академиясының тең құрылтайшысы және ректоры, профессор Виктор Иванович Козодой мұрағаттан алынған акпараттарға сүйене отырып жазған.

– Қазақстанның белгілі тарих институтында кітабымың тұсаукесерін өткізу мен үшін зор мәртебе. Кітап жазудағы басты мақсатым – ресейлік оқырман-

ҰЛТ КӨСЕМІ

ресейлік ғалым көзімен



дарды қазақтың асыл тұлғасы Әлихан Бөкейхановпен таныстыру болды. Кітапқа «Әлихан Бөкейханов. Дәуір адамы» деген ат қойдым. Неге? Себебі, Әлихан Бөкейхановтай тарихи тұлғаны бір дәуірмен теңестіруге болады, – дейді автор. Айтуынша, ол Алашорда үкіметінің жетекшісі туралы жұрттың бірі білсе, бірі біле бермейтін деректерді де өз туындысына қосқан.

Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында өткен салтанатты шараға ғалымдар, саясаттанушылар, тарихшылар, өлкетанушылар, БАҚ өкілдері қатысты.

Шара барысында ҚР Ұлттық Ғылым академиясының вице-президенті, физика-математика ғылымының докторы, профессор Мақсат Қалимолдаев кітап авторына Құрмет грамотасын табыстап, үстіне шапан жапты.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР

дамудың басым бағыты

Айжан
ШАЛАБАЙҚЫЗЫ

2 қараша күні Қазақстан Баспасөз клубында қоғамдық кеңістіктерді дамыту мәселелері бойынша «Дөңгелек үстел» өтті. Жиын барысында сарапшылар мен қоғам өкілдері тарихи орындарды қайта құру және жаңа скверлер, саябақтар мен жаяу жүргіншілер аймақтарын салу барысын қарастырды.

Қоғамдық кеңістіктерді белсенді абаттандыру, қаланы көгалдандыру, мегаполистің барлық бөліктерінде жасыл аралдар, аллеялар, серуендеу аймақтары мен демалыс орындарын құру қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасына сәйкес жүргізілуде.

Осы саладағы іске асырылған кейстердің табысты үлгілерін, сондай-ақ алматылықтардың жайлылығын арттыру бойынша жоспарланған және әзірленіп жатқан жобаларды қалалық басқармалардың басшылары, қаланың Қоғамдық кеңесінің мүшелері, сондай-ақ тәуелсіз сарапшылар мен БАҚ өкілдері талқылады.

Қоғамдық кеңістіктер – бұл мегаполис тұрғындары үшін үнемі қолжетімді қала ортасы. Қаланы дамыту стратегиясының басым бағыттары «жасыл қала» және «шетсіз қала» болып табылады.

Пандемия кезінде қалалық орта әр адамның өмірінде маңызды рөл атқаратыны белгілі болды. Белгілі бір шектеулерге байланысты қала тұрғындарының қадамдық қолжетімді жасыл кеңістіктер бар таза ауада жүруіне, жаяу жүретін жаңа бағыттардың болуына қажеттілік туындады.

Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасының басшысы Наталья Левинскаяның айтуынша, абаттандыру арқасында қалада серуендейтін және демалатын жаңа орындар құрылуда. Бүгінде бір тұрғынға 7,7 шаршы метр жасыл кеңістік тиесілі. Қалада жалпы ауданы 825,27 гектар 167 саябақ аумағы бар, оның ішінде 14 саябақ, 122 сквер, 26 бульвар, 2 тоғай, 1 бақ, 2 аллея бар.

Сондай-ақ, мегаполис аумағы арқылы ұзындығы 447 шақырым 49 өзен ағып өтеді, негізгілері: Есентай – 35,1 шақырым; Үлкен Алматы – 29 шақырым; Кіші Алматы – 28 шақырым.

Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасының басшысы Алмасхан Ахмеджанов атап өткендей, бүгінде Алматыда жалпы ұзындығы 54 ша-



қырымды құрайтын 110 жаяу жүргіншілер аймағы бар.

– Қала алдағы уақытта мегаполистің рекреациялық әлеуетін тиімді пайдалана отырып, қаланың орталық бөлігінде де, шет аудандарда да жаңа қоғамдық кеңістіктер құруды жоспарлап отыр, – деді А.Ахмеджанов.

Спикер ұзындығы 380 метр болатын Мүсірепов көшесін Абай даңғылынан Чапаев көшесіне дейін өзгерту тұжырымдамасын мысалға келтірді.



Концептуалды түрде жоба 2 тақырыптық бөліктен тұрады. Біріншісі – «Жыл мезгілдері» бульвары, Абай даңғылынан Сәтбаев көшесіне дейін, Ә.Қастеев атындағы мұражайға тоғысады. Екіншісі – тұрғын үйлер бойымен өтетін және Ботаникалық бақ пен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды Ә.Қастеев атындағы мұражайды байланыстыратын Мүсірепов көшесіндегі жаяу жүргіншілер бульвары Сәтбаев көшесінен Тимирязев көшесіне дейін.

Жобадан Vision Zero қағидаты бойынша қауіпсіз өткелдер құру және жеке автокөліктер үшін тротуарды жабу көзделген.

Қоғам қайраткері Сергей Пономарев атап өткендей, Қоғамдық кеңес Алматыда қоғамдық кеңістікті дамыту жобаларын іске асыруға тұрақты мониторинг жүргізеді.

– Серпінді жобалардың бірі ретінде қала орталығынан тауларға дейінгі өтпелі бағыттарды атап өткім келеді. Ауқымды жұмыс атқарылды. Бірнеше жылдан кейін қонақтар мен тұрғындар Медеуден қала орталығына дейін бірегей бағыт бойынша жүре алады, – деді С.Пономарев.

Қаланың басқа көшелерін осылай өзгерту барынша тартымды және ыңғайлы қоғамдық кеңістіктер құруға мүмкіндік береді.

Кездесуге қатысушылар жобаларда халықтың барлық топтарының: мүмкіндігі шектеулі азаматтардың, велосипедшілердің және жаяу жүргіншілердің мүдделері ескерілетінін атап өтті.

НЕ БАЙҚАДЫҢИЗ?



ЕСІЛ ЕҢБЕК

Сыпырғының даусынан ерте ояндым. Түнде асүйдегі терезе ашық қалған екен, содан әлгі дыбыс қатты естілді. Сыртқа қарасам, әлі қараңғы, көше шамдары өшпеген. Аула сыпырушы ағай демалыс екеніне қарамастан жұмысын ерте бастапты. Үлкен сыпырғы жамылғысы бар жерге тигенде «гіш-гіш» еткен дыбыс шығады. Бір ырғақпен қозғалатын болу керек, әлгі дыбыстың жиілігі еш өзгермейді.

Арада бірер сағат өткенде дала жап-жарық болды. Терезеден қарасам, аула сыпырушы ағай ағаштардан төгілген сары жапырақтармен әлі алысып жатыр екен.

Үйдегілердің шайын беріп, шаруаларды реттеп, «күн жылыды-ау» деп сағат 11.00-ге жақын балаларды сыртқа алып шықтым. Күн жарқырап тұр. Аналар балаларын күншұақта ойнатып, мәз. Пендеміз ғой, далаға шығу үшін жаз болса, көлеңке түсетін уақытты, күн суытса, күн шығатын кезді күтеміз.

Балалар бірден ойынға араласып кетті. Жерден жапырақ теріп, «тамақ» істемекші. Мен орындықтар жаққа бет алдым. Немелерін ойнатып екі әже жүр. Біреуі «бүгін ауланы сыпырмаған-ау, жапырақтар шашылып жатыр» деді. Екіншісі «демалып жатқан шығар» деп жауап берді. Ал мен болсам, таңнан бұрын тұрып жапырақтармен алысқан аула сыпырушының күйбеңдеп жүргенін көз алдыма елестетіп, аяп кеттім. Абырой әпермеген сары жапырақтар-ай. Табиғаттың құбылысына тоқтау бар ма?!

Айкерім НӘДІБЕКОВА.



ТҰРАҚТЫЛЫҚ – ДАМУ КЕПІЛІ

Тәуелсіздіктің 30 жылында жаңа мемлекеттің іргесі сапалы қаланды, экономика қарқындап, қауіпсіздік берік қолға өтті. Мұндай нәтиженің өзегі – елдің бірлігі мен ұлттардың ынтымағы. Айрандай ұйыған бірліктің арқасында ғана Қазақстан толайым табыспен 30 жылдық межені еңсеріп отыр.



**Серік
ЖҰМАБАЕВ**

Қазақстанның қол жеткізген жетістіктері аз емес. 30 жыл ішінде жас мемлекет ғасырға бергісіз жұмыстарды атқарды. Оны бір саладан ғана емес, әрбір саладан көруге де болады. Мәселен, әлемдік өркениетті жұртпен ықпалдасуға негізделген сыртқы саясатымызды алып қарайық. Тәуелсіздік жылдары Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың халықаралық қауымдастық алдына ұсынған бастамасын көптеген беделді ұйымдар пайдаланды. Жаңа ғана Тәуелсіздігін жариялаған мемлекет өзінің елдік өнегелігін арттырып, көптеген істерде басқаларға бас бола алатындығын дәлелдеп берді. Біздің беделді ұйым – ЕҚЫҰ-ға төрағалық жасауымыз да соның жарқын айғағы. Қазіргі әлем біздің мемлекетімізді Батыс пен Шығыс арасындағы буфер, яки аралық мемлекет ретінде қабылдай бастады. Бұндағы негіздің түп төркіні – тыныштықта, тұрақтылықта. Бүгінгі таңда әлемнің әр түкпіріндегі көптеген ел осындай тұрақтылық пен тыныштыққа аса зәру. Ендеше, осы жылдардың ішіндегі біздің ең басты жетістігіміз – тұрақтылық. Өйткені, тұрақтылық болмаған жерде, тыныштық бұзылған жерде экономикалық өрлеу де, елдік өсу де болмайды. Ондай ел әлемдік қауымдастық алдында бастама көтермек түгіл, өзінің ішкі дүниесіндегі арпалыстан қолы босамайды. Ал қазақстандық тұрақтылықтың негізін қалаған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың идеясын ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы жалғастырып отыр. Қазақтың жақсы мақалы бар: «Елдің бағын ашпаса, ер мұратқа жетер ме? Ерінің сағын сындырса, ел мұратқа жетер ме?» деген. Осы тұрғыдан алғанда, елдің бағына туған ел басшылары жұртымыздың жұмыла әрекет етуіне барын салуда.

Жоғарыда айтқанымыздай, Мемлекет басшысы ұлтаралық татулық, конфессия-аралық келісімге баса назар аударып отыр. Халықтар ассамблеясы көпұлтты Қазақстанның ұлтаралық татулығын нығайту үшін құрылды. Бұл ретте ұлттарды ұйытуда қазақ халқының өзіндік менталитетін татулықтың өзегі деп айтуға болады. Осындай ұлы халықтың қарапайымдылық қасиеті, үлкен адамгершілік жүрегінің арқасында көптеген ұлыстар Қазақстанды «Отаным» деп қабылдап отыр. Онда да қазаққа деген ықыластың орны ерен. Қазақ халқының өзі де «Ынтымақты елдің – ырысы мол», «Ырыс түбі – ынтымақ» деген дана сөзді бекер айтпаған. Осындай даналықтың арқасында біз бүгінде – тарихы біте қайнасқан, тағдыры ортақ тұтастай халыққа айналдық. Яғни ортақ Отанымыз Қазақстанның қарыштап дамуы елімізді мекендеген барлық ұлттар мен ұлыстардың ынтымақ-бірлігінің арқасы деуге болады. Сондықтан да бұл бағытта Қазақстан халқы Ассамблеясының алар орны ерекше. Ұйымның басты қызметі – ел тұрақтылығы. Жоғарыда айтылғандай, тұрақтылық болса ғана даму болады. Ассамблеяның бүгінгі жұмысы да осы тұрғыдан алғанда зор жауапты. Сонымен қатар, Ассамблея Қазақстан халқының бірлігі мен патриотизмін нығайту бағытында да көптеген іс-шаралар атқарып жатыр. Бұған көптеген дәлелдерді де келтіруге болады. Ең бастысы, Қазақстан халқы Ассамблеясы арқылы біздің еліміз бейбітшілік пен келісімнің диалогтық алаңы ретінде танылып келеді. Бүкіл жер-жаһанның қауымдастығы алдына этникаралық толеранттықтың қазақстандық үлгісін паш еттік. Мұндай өнегелі тәжірибеге көптеген елдер назар аудара бастады. Осының өзі Қазақстанның Тәуелсіздігінің арқасында болған зор ілгерілеушілік деп білемін.

Бұл тұрғыда мемлекеттік тіл – Қазақстан халықтарын біріктіретін фактор. Өйткені, бұл мемлекет – ортақ Отанымыз. Қазақстан-



ның тіл саясаты да әуелбастан сауатты қалыптасты. Бұрынғы Кеңес Одағынан шыққан басқа мемлекеттердегі секілді бірден тілдік төңкеріске кіріскен жоқ. Түсіністікпен қарады. 30 жыл бойы тілдік қысастық көрмеген басқа ұлттардың өз тілін білулеріне жағдай жасалып келді. Мемлекеттік тілді білемін деп талаптанушыға да қаржы бөліп келеді. Сондықтан да қазақты сыйлаған басқа ұлт қазақтың тілін де сыйлауы керек, білуге тиіс. Ал ондай тіл үйрету мәселесін еліміздің барлық балабақшаларынан бастаған дұрыс. Сонда ғана біз патриот ұрпақты тәрбиелей аламыз. Бұдан бөлек, балабақшада тек тілді ғана емес, қазақтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі де сіңірілсе жақсы болар еді. Өйткенін, жаһандану заманы кез келген мемлекеттен ұлттық өнегелілікті талап етеді.

Қазақстан – жасампаз ел. Мемлекет Тәуелсіздігінің алғашқы жылында-ақ өзінің бейбіт таңдауын жасап, ядролық қарудан бас тарту арқылы әлем үшін үлкен өнеге көрсетті. Біздің әлемдік үлкен сенімге ие болғанымыз да сондықтан. Жалпы «тәуелсіздік» ұғымы көп мәселені білдіреді. Мұнда мемлекеттің тілі де, оның территориясы да, экономикасы да, азаматтарының әлеуеті де, керек десеніз, ұлттың жетілуі де үлкен рөл атқарады.

Мәселен, біз көптүрлі ұлттармен қарым-қатынас жасаймыз, көпұлтты елміз. Солай бола тұрса да, біз Тәуелсіздік мәселесінде жұмылған жұлдырықтай бола алмасақ, онда тағылым да болмайды. Ендігі уақытта біздің егемендігіміз де, біздің Тәуелсіздігіміз де бізден тек осыны ғана талап етеді. Яғни Тәуелсіз елдің бұған дейін қалыптасқан ауызбіршілігі жоғалмауы шарт.

Соңғы жылдары әлем картасында тәуелсіздік мәселесі тым күрделеніп кеткені айқын. Мәселен, бүкіл дүние жүзі қаншалықты өркениеттеніп, адамзаттық сана жаңғырғанымен көптеген өңірде қантөгістер толастар емес. Ондай қантөгістердің бір парасы тілдік тәуелсіздікке тікелей қатысты екені де жасырын емес. Бұл өз алдына ел болып, мемлекет ретінде жеке шаңырақ құрудың күн сайын қиындай түсетінін көрсетсе керек. Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстан халқын нағыз бақытты елдің қатарына қосуға болады. Бізде мемлекеттіліктің барлық нышандары жүзеге асып қана қойған жоқ, іргетасымызды сапалы қаладық, әлемдік қауымдастық арасында өзіміздің ұлт ретіндегі брендтімізді жасай алдық. Бұл – халықтың жетістігі. Осындай жетістікті келешек жастар да шынына шығара түссе деген тілегіміз бар.

ЖОБА

Мектептегі жылыжай

**ауылшаруашылығын дамытудың
алғашқы қадамы**

Бүгінгі таңда Алматы мектептерінде «Жасыл мектептер» жобасы қолға алынуда. Жоба қазір мегаполистің 16 мектебінде сәтті жалғасуда.



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Көкөністер мен жемістер өсіруді, күтіп-баптауды үйрететін жылыжайлар мектептердің дәл жанында орналасқан. Ең алғаш мұндай жылыжай Жетісу ауданының №177 мектебінде ашылды. Аталмыш жобаны Болат Өтемұратов қоры қалалық әкімшілікпен бірлесіп іске асырды. Мұндай жылыжайлар ауылшаруашылығын дамытудың алғашқы қадамы іспетті.

Жылыжайдағы сабақтар оқушылардың бұл саланы тереңірек танып-білуіне оң әсерін тигізеді. Сонымен қатар, мектеп бағдарламасын практикалық сабақтармен толықтырады және балаларға табиғатты құрметтеуді үйретеді. Жаңа оқу жылынан бастап, 5–7-сынып оқушылары үшін факультативтік сабақтар өткізіле бастады.

«Жасыл технологиялар мен экологиялық ойлау – бұл біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналатын жаһандық тренд. Сондықтан ерте жастан бастап балаларды эко мәдениетке және қоршаған



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеу маңызды», – дейді қор директоры Марат Өтемұратов. Қазір бұл жобаға өсімдік шаруашылығы, агрономия саласындағы үздік сарапшылар, сондай-ақ Алматы облысының фермерлері де қызу қолдау көрсетуде. Жылыжайлардың барлығы тамшылатып суару, жылыту және жарықтандырудың заманауи жүйелерімен толығымен жабдықталған. Жоба жыл бойы жұмыс істейді. Аталмыш жобаға еліміздің басқа аймақтары да қызығушылық танытуда. Қазіргі уақытта Шымкент пен Нұр-Сұлтанда жылыжайлар ашыла бастады.

ИННОВАЦИЯ

Сапалы білімнің негізі

Елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Цифрландыру, ғалым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» атты ұлттық жобасы аясында «Виртуалды информатика мұғалімі» жобасы қолға алынды.

Бұған себеп, елімізде әлі күнге дейін информатика, бағдарламалау пәндері мұғалімдерінің жетіспеушілігі. Сондықтан бұл мәселені шешу үшін әрі «Информатика» және «Бағдарламалау» пәндері интернет арқылы да оқытуға анағұрлым бейім болғандықтан, 150 мектепте

пилоттық жоба іске асырылуда. Ендігі жерде бұл тәжірибе еліміздің барлық өңіріне таратылады және барлық балалар тұрғылықты жеріне қарамастан информатика және бағдарламалау бойынша сапалы білім ала алады. Жалпы, IT индустриясы 3 негізгі элементтен құралады, оның біріншісі – адами капиталды дамыту. Екінші элемент – жобалар акселерациясы, үшінші элемент – қажетті қаржыландыруды қамтамасыз ету. Егер осы 3 блок дұрыс жұмыс істесе, ел Президентінің 2025 жылы 50 миллион доллар экспортқа қол жеткізу туралы тапсырмасына қол жеткізуге болады.

**Әзірлеген
Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.**

МАМАНДАНУ

Салалық даму

Мегаполисте IT журналистика бойынша оқыту курстары аяқталды. Оқыту курстары IT саласындағы салалық журналистиканы дамытуға, БАҚ-та жарияланатын материалдардың сапасын арттыруға, спецификалық терминологияны дұрыс түсіндіруге бағытталған.



**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**

5 күн ішінде курсқа қатысушыларға дата журналистика, цифрлық сторителлинг, мобилография ерекшеліктері бойынша өзекті мәселелер түсіндірілді. Сонымен қатар,

қатысушылар ХАТУ оқытушыларының жетекшілігімен практикалық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік алды. Оқыту курстары қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өтті.

Спикерлер ретінде Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері: «Медиакоммуникациялар және Қазақстан тарихы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, журналист С.Ашенова; «Компьютерлік инженерия және ақпараттық қауіпсіздік» кафедрасының сеньор-лекторы, АТ-маманы Ерғали Дәулетбек; медиа саласындағы PhD, қауымдастырылған профессор, сценарист, журналист С.Велитченко және басқалар сөз сөйледі.

Офлайн-форматтағы курстармен мемлекеттік және коммерциялық БАҚ-тың 30 өкілі қамтылды («Қазақстан» РТРК) АҚ, «Хабар» агенттігі) АҚ, «Қазақ газеттері», ЖШС, «Вечерний Алматы» газеті, «Адырна» ұлттық порталы, «Your Vision» блог-платформасы және т.б.). Онлайн-форматта 260-тан астам тыңдаушы қатысты.



ДИН-ДІҢГЕК



Мәуліт мерекесі

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы мен қалалық әкімдіктің ұйымдастыруымен Республика сарайында «Көркем мінез кемеңгері – Мұхаммед» атты кеш өтті.

Ақтолықын ТҮРЛЫҒАЗЫ

Рухани кеш Пайғамбар өмірін ұлттық аспапта жырлаумен басталып, танымдық, тәрбиелік тақырыптарға арналды. Бұған дейінгі мәуліт мерекелерінде көпшілікке Пайғамбарымыздың балалық шағы, одан кейін пайғамбарлықтың келуі мен Бәдір соғысы жайлы жеткізілген еді. Ал биыл тақырып аясы біршама кеңіген.

«Өкінішке қарай, індеттің себебінен Мәулітті кең көлемде тойлай алмай қалдық. Сондықтан бүгінде халқымыздың бұл мерекені сағынып қалғаны байқалады», – деді ҚМДБ төрағасы, бас мүфти Наурызбай Қажы Тағанұлы. Сарай сахнасында бірқатар көрініске де кезек берілді. Тәуекел ету мен теріс қылықтан аулақ болуды, бала тәрбиесі мен ата-ана рөлін айқындаған рухани кеш көпшілікке айрықша әсер қалдырды. Ал іс-шара соңында мәуліт кешінен түскен қаражат 8 мұқтаж адамға табысталды.

«Мәуліт мерекесі қазақ даласында ежелден аталып өтуде және бұрынғысы араб тіліндегі мәуліт жырларын оқу болса, елімізге

Тәуелсіздіктің келуімен басқаша форматта жамағатқа ұсынылып жүр. Бұл жерде діни илләһи әндер мен уағыз-насихаттар айтылып, соңғы жылдарда Мәуліт мерекесі өзіміздің дәстүрге сай домбырамен жырланып жүргенін атап өткен жөн», – деді Алматы қаласының бас имамы Төлеби Оспан.

Бұдан кейін ақын, сазгер Жәкен Омаров пайғамбарымыздың өмірбаянын қазақ тілінде жырлады. Бұған дейінгі мәуліт мерекелерінде Пайғамбарымыздың балалық шағы, одан кейін пайғамбарлықтың келуі, мигражға көтерілуі, одан кейін хижреттің алғашқы жылдары мен Бәдір соғысы жайлы қазақ тілінде жырланған еді. Ал биыл хижреттің үшінші жылында болған оқиғалар, Ухуд соғысы, хазреті Хамзаның шейіт болуына тоқталып өтті. Мәуліт мерекесіне арнайы жаздырылған «Пайғамбар өнегесі» және «Пайғамбарға сағыныш» әндері алғаш рет шырқалса, танымал әншілер Айдар Тұрғанбек, Ердос Қанаев, Сержанәлі Әлібек, Ерген Айтымбетов, Райым Уайыс және Жігер Ауыпбаевтар илләһи әндер мен термелер орындап, пайғамбарға деген сағынышта-рын әнмен жеткізді.



ЖОБА

ШЫҢҒА БІРГЕ ӨРЛЕЙІК!

Кеше Алматыда үздік деп танылған «Шыңға өрлеу» әлеуметтік жобасына 3 жыл толды. Соған орай, қалалық Әлеуметтік әл-ауқат басқармасы ұстаздарды құттықтап, Алғыс хаттармен марапаттаса, бүлдіршіндер мерекелік концертте өнер көрсетті.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Осыдан 3 жыл бұрын қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың қолдауымен «Шыңға өрлеу» клубы барлық аудандарда ашылды. Онда әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан 1–4-сынып оқушылары тегін қосымша білім мен тәлім-тәрбие ала алады. 2021 жылдың өзінде 2200 бала осы бағдарлама қызығын көруде. Әлеуметтік маңызы жоғары жобаны іске асыру үшін қарттар қауымынан, белсенді зейнеткерлер мен көпбалалы аналар қатарынан 150 ұстаз-тәлімгер жұмылдырылды.

Өскелен ұрпақ пен «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубында жұмыс істейтін зейнеткерлер қатарындағы педагог-тәлімгерлер арасында ұрпақтар сабақтастығы қағидаттарын қалыптастыруды мақсұт тұтқан жоба авторы Раиса Мұсабекқызы мұндай идеяның тууына не түркі болғанын айтып берді.

«Үш жыл бұрын мен Алматы қаласы бойынша Ардагерлер үйінің басшысы боп қызмет еттім. Сонда жұмысшылар балаларын қайда қалдырарын білмей, бірге алып жүретінін байқадым. Әрине, ұлап-шұлаған бала жұмысқа кедергі жасайды. Сөйтіп, жеткіншектердің бос уақытын пайдалы өткізуі үшін оларды

қаламыздың 300 ардагері және зейнеткерімен байланыстыруды ойластырдық. Өмірінің басым жылдарын ағартушылыққа сыйлаған зейнеткер-ұстаздар ісін жалғастыруға қуана-қуана келісе кетті. Міне, қазір біздің жоба ТМД елдерінде баламасы жоқ, Алматы қаласының үздік әлеуметтік жобасы атанып отыр», – деді идея авторы.

Екі ауысымда күнделікті 600 баланы қамтитын «Шыңға өрлеу» жобасының туған күніне дүйім жұрт жиналды. Ардагерлер үйі өкілдері, билік өкілдері, жоба бастамашылары мен ұстаздар, тәрбиеленуші балалар. Мереке барысында Әлеуметтік әл-ауқат басқармасы басшысының орынбасары Жәнібек Нұрмұханұлы ізгі тілегін айтып, жоба авторлары мен ұстаздарды құттықтады.

«Бүгін ерекше күн. Қайталанбас жобаның туған күні. Қанишама адамның күш-жігері салынған жоба әлі де жалғасын табатынына сенімдіміз. Өйткені, мұнда білім ғана беріліп қоймай, аға буынның өмірлік жолынан жинақталған тәжірибесі мен үлгі-өнегесі, тәлім-тәрбиесі беріледі. Зейнетке шыққанымен ағартушылықтың ақ жолында жүрген ұстаздарға мың алғыс», – деді Жәнібек Нұрмұханұлы.

Жақында ғана жоба мүшесі атанған орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гүлнұр Төлегенқызы бұған дейін де түрлі әлеуметтік жобалардың басы-қасында жүріпті.

«Мен мұнда сәуір айынан жұмыс істеп келемін. Бұған дейін де әлеуметтік қызметкер ретінде түрлі жобаларға қатысқан. Сөйтіп жүріп осы жоба жайлы білдім. Мені бірден қабылдағандарына қуандым. Өйткені, жасымызға қарамастан, әлі де бар күш-жігерімізбен білім беруге, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге құлшынысымыз жеткілікті. Жобаның артықшылығы – біз бір окпен екі қоянды атып отырмыз. Бір жағынан қосымша сабақтарды қалтасы көтермейтін отбасы балаларына тегін оқытамыз, екінші жағынан қариялардың бос уақытын пайдалы етеміз», – деп өз ойымен бөлісті зейнеткер.

Одан бөлек, мұнда емдік дене шынықтыру және өзіндік дайындық сағаттары бар. Кез келген бала қызығушылық таныта алады. Екі ауысымда жұмыс істейтін клуб әр ауданда әртүрлі көрсеткіш – 50–80 аралығында келушіге арналған. Ең бастысы, балалар отбасылық атмосферада, қамқор ата-әжелердің бақылауында болады.

СПОРТ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Болашақ жұлдыздар

Алматыда ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында «Жанұя» балалар үйінің тәрбиеленушілеріне сыйлықтар тапсыру рәсімі өтті. Олар қала әкімдігімен бірлескен жоба аясында «Sagadat batyr-QTT» спорт клубында джиу-джитсумен тегін айналысады.

Аталған шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров, Іле ауданы қоғамдық кеңесінің төрағасы және «Sagadat batyr – QTT» клубының құрметті президенті Ерболат Тұрымбетов, сондай-ақ джиу-джитсу және грэпплинг бойынша әлем чемпионаттарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері, клубтың жаттықтырушылары мен тәрбиеленушілері қатысты.

Алматы әкімдігінің қолдауымен спорт клубы «Жанұя» балалар үйінің тәрбиеленушілерін джиу-джитсудан және грэпплингтен тегін жаттықтырады. Негізгі міндет – дене шынықтыру мен спортты дамыту, балалардың денсаулығын нығайту. Балалар үйінің

тәрбиеленушілері екі ай бұрын жаттыға бастады, ал олардың кейбіреулері жанадан келгендер арасында турнирдің жүлдегері атанды.

«Бүгінгі күні қала әкімдігінің қолдауымен ата-ана қолқорлығынан айырылған біздің тәрбиеленушілердің 18-і джиу-джитсу мен грэпплингтен кәсіби жаттығуға қатысады. Аптасына үш рет барады. Клубпен жұмыс істеп жатқанымызға көп болмағанымен, қазірдің өзінде біраз жетістікке жеттік. Мысалы, екі баламыз турнирден жүлделі болып қайтты. Шыны керек, кез келген адамның әлем чемпиондарынан тәрбиеленуге мүмкіндігі бола бермейді, сондықтан бізге берілген мүмкіндікке қуанышты-

мыз», – «Жанұя» балалар үйінің директоры міндетін атқарушы Марина Маратқызы.

Ержан Бабақұмаров балалардың спортқа деген қызығушылығын оң бағалап, жарыстарда сәттілік тіледі. «Жанұя» балалар үйінің 20-дан астам тәрбиеленушілері джиу-джитсу сабағына арналған киномо мен жылы киімдердің толық жиынтығын сыйлыққа алды.

«Клубта 200-ден астам спортшы жаттығады. Клуб жанынан «Бақытты болашақ» қоғамдық қорын аштық, оның аясында халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балалар үшін тегін сабақтар, қайырымдылық акцияларын өткіземіз. Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен және меценаттардың арқасында бүгін «Жанұя» балалар үйінің 20 баласына қысқы сырт киім мен киномо сыйлаймыз. Біздің мақсатымыз тәрбиеленушілерімізді әлем чемпиондарына айналдыру», – деп атап өтті аралас жекпе-жек палуаны, «Sagadat Batyr» клубының бас бапкері Нұрсұлтан Орынбасаров.

Жалпы, Алматыда халықты спортпен қамтуды кеңейту бойынша кешенді жұмыстар кеңінен жүргізілуде.

Бүгінде 4 жастан 17 жасқа дейінгі 243 мыңнан астам бала спортпен шұғылданады. Мегалополисте түрлі меншік түрінде 3400 нысан жұмыс істейді. Бос уақытта спортпен айналысуға болатын 100 тыңғу орталығы жұмыс істейді, онда 8 мыңнан астам адамды қамтитын 36 спорт секциялары мен үйірмелері тегін әрі қолжетімді. Балаларды тегін спорт секцияларымен қамтуды кеңейту мақсатында жан басына қаржыландыру тетігі белсенді қолданылады.

Мемлекеттік спорттық тапсырыс бойынша 4 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға арналған тегін секцияларда спорттың 71 түрі жүзеге асырылады. Мамандандырылған әлеуметтік мекемелерден спортпен айналысуға жағдай жасау үшін жұмыстар жүргізілуде.

Дайындаған
Динара МҰРАТ.



● ПСИХОЛОГИЯ

МЕЙІРІМ –
МАХАББАТ БАСТАУЫ

Баланың өзін бағып-қағатын жанға емес, өзімен жақсы сөйлескен, жылы қабақ танытқан адамға ықылас танытатыны қалай? Бұл – шынында да көп мән берілмей келе жатқан жайттың бірі.



Бала тәрбиесіне қатысты кітаптардың көпшілігінде бұл мәселе мүлде қамтылмаған. Десек те, бала үшін өзін жақсы көретін жан-дардың бар екенін сезіну өте маңызды. Өйткені, ол солар арқылы басқаларды жақсы көруді үйренеді. Әрине, біреулер «мұндай жаста жақсы көру дегенді олар қайдан

білсін?» деуі де әбден мүмкін. Жалпы, баланың анаға, қоршаған ортаға деген махаббаты қай кезде оянады?

Түйсікті зерттейтін этолог-мамандар жануарлардың ішкі сезімі олардың тірі қалуына ықпал ететінін айтады. Зерттеушілердің пікірінше, аң-құстардың балаларының

түйсігі өте жоғары дамыған. Олар туа салып ата-анасынан ажырамайды. Мысалы, кәдімгі қаздың балапандары көзін тырнап аша салысымен анасының артынан бір елі қалмайды екен. Бұл байланыс құстардың өз баласын тәрбиелеуге оң әсерін тигізеді. Зоолог Лоренц жаңа туылған, анасы жоқ қазды бір күтімдеп қарайды, сосын ертесіне оның басқа қаздардың емес, өзінің соңынан жүгіргенін көріп таңданады. Тағы бір мысал: америкалық психолог Гарри Харлоу маймылдардың дүниеге келген сәтіне бақылау жасаған. Оның мақсаты – жаңа туылған маймылдардың ортаға бейімделуін, анасының үйреткенін балаларының қалай қабылдағанын білу еді. Тәжірибені бастаған ол ана-маймылды тордан шығарып, балаларға өзі қамқорлық жасауға кіріседі. Анасынан ажырау маймылдарға өте ауыр тиген. Зерттеушінің айтуынша, кішкентай маймылдардың бірі өліп қалады, енді біреулері өте мазасыз, айналасына қорқа қарайтын күй кешкен. Тіпті, кейіннен бәрі ойнамақ түгілі, тамақ ішуден бас тартқан. Мұның өзі бала-маймылдарға тамақтан гөрі, аналық махаббаттың қажеттігін дәлелдеген.

Бұдан кейін Харлоу суррогат-аналарды тәжірибеге тартып көреді. Біреуі тамақ құйылған бөтелке ұстап, енді бірі үстіне тек маймылдың терісін жамылған, тағы біреуі тек бетіне маймылдың масканы киіп ерекшеленген оларды бала-маймылдардың қабылдауы қызық болған. Олар ана-маймылдардың ішіндегі терісі қалың, жүні тұмсығын тығып еркелеуге қолайлысының айналасынан үйіріліп шықпай қойған екен. Тамақ та, ана-маймылдың қолындағы темірден жасалған ойыншық та балаларды тартпаған. Мұның өзі ана алақанының кез келген астан, басқа дүниеден артық екенін дәлелдейтіні анық.

БАЛАҒА ҮНЕМІ ЫҚЫЛАС ҚАЖЕТ

Ленинградты азат ету кезінде жетім қалған балаларды адам қатарына қосу үшін барлық жағдай жасалған. Сол кезде басқа жұрт ішкер асқа, киер киімге жарымай жүрсе де жетімдікті ерте көрген балаларды ештеңеден тартықтрмауға мейлінше күш жұмсалған. Бір өкініштісі, соған қарамастан сол балалардың тірі қалғаны сирек. Мұның сыры неде? Психологтардың айтуынша, олардың кішкентай жүрегі анасынан айырылуды көтере алмаған. Шындығында, нәрестеде де өзінің жақсы көргенін білдіретін түйсік болады. Бұл баланың күлгенінен, жымиғанынан, жылағанынан, ренжігенінен аңғарылады. Нәресте өскен сайын бұл сезім нығая түседі. Кеше ғана жақсы көргенін түйсігімен түсіндірген бала еңбектеген шағында анасынан бір елі қалмай, алдына алса, өз сезімін анасының қойнына кіріп кетіп еркелеумен, сүйіп, қатты құшақтаумен білдіреді.

Сонда ана мен бала арасындағы махаббат қалай қалыптасады? Оны анықтау үшін психологтар тағы бір тәжірибе жасайды. Ол үшін арнайы бөлмеге үш айлық баласы бар бірнеше ана жиналады. Сосын барлығы бір мезетте балаларын күнделікті әдетінше ойнатуға көшеді. Ана да, бала да ойыннан шаршады-ау дегенде мамандар тағы айла ойлап табады. Аналарға баласына селқос қарап, мән бермеуді тапсырған олар, жаңа ғана мейірім төккен жакын адамының аяқастынан ештеңеге мән бермейтін тас бейнеге айналғанын, ал балалардың оларды өздеріне қарата алмай әлекке түсіп, артынан жылауға көшкенін байқап таңданады. Бұл балаға үнемі мейірім қажеттігін аңғартады. Жылы жүрек, аялы алақан ғана баланың жан-жақты, алаңсыз өсуін, ортасын сүюге үйрететінін растайды. Анасы мән бермеген, жылылық танытпаған балалар да жүйкесі тозған, ашушаң жанға тез айналады екен.

● ДЕНСАУЛЫҚ

«XXI ҒАСЫР
АУРУЫ»

Аллергиямен ауыратындардың саны жылдан-жылға арта түсуде. Дегенмен, заманауи медицинаның дамуы мен технологияның жетілуі бүгінде аллергияны емдеу тұрғысында да көптеген мүмкіндіктерге жол ашуда. Дәрігерлердің пікірінше, ең бастысы, әр адам өз денсаулығына мұқият қарап, дер кезінде емделуіне білуге тиіс. Аллергияға жеңіл-желпі қараудың соны үлкен өкінішке апарып соқтыруы мүмкін. Бір анығы, көктем, жаз, күз мезгілдері аллергияның өршітін кезеңі. Бұл – өте күрделі ауру. Аллергия – адам ағзасының қоршаған ортаның кейбір әсерлеріне әдеттегіден тыс сезімталдығы. Ол ауа, күн, шаң-тозаң, өсімдіктер, тағамдар, дәрі-дәрмектер, түрлі бояғыш заттардың организмге кері әсерінен пайда болады. Аллерген ағзаға алғаш рет түскенде иммундық жүйелерге әсер етіп, оның сол аллергияға сезімталдығын көтереді. Кейін бұл аллергияның қайталап түсуі салдарынан аллергиялық ауру пайда болады. Қоршаған ортадағы тек қана микроскоп арқылы ғана көре алатын шаң-тозандар мұрынның, көздің шырышты қабықтары арқылы адам ағзасына еніп, аллергияны қоздырады. Ағаштар жапырақ жайып, өсімдік атаулы гүлдегенде аллергияның өршітіндігі сондықтан. Бір өкініштісі, көп адамдар «жеңіл», «өткініш ауру» деп түсініп, аллергияға мән бермейді. Егер осылай елемей жүре берсе, уақыт өте келе ол асқынды, демікпе ауруына шалдықтырады. Сол себепті, аллергияға бей-жай қарауға болмайды.

● АС-АРҚАУ

АВОКАДО
САЛАТЫ

Жемісінің қолтырауын ренді жасыл түсіне орай, авокадоны «алигатор алмұрты» деп те атайды. Ал майда, жұмсақ дәміне байланысты ол «орман майы» деген атау алған.

Сыртқы пішіні, дәмі мен химиялық құрамы жағынан көкөністерге жақын болғанымен, авокадо – ішінде үлкен сүйегі бар табиғи жеміс. Құнарлылығы жоғары әрі тойымды бұл мексикалық жеміс диеталық тағамға жатады: оның құрамында зиянды майлар мен көмірсулар жоқ. Ал белоктік құрамы жөнінен ол вегетариандардың дастарханындағы ет тағамдарын толығымен алмастыра алады. Диетологтардың кеңесіне құлақ түрер болсақ, авокаданы аптасына ең құрығанда бір рет пайдалану керек екен. Аптасына екі-үш рет пайдалану денсаулықты нығайтудың кепілі болмақ. Әйелдер қауымы оны сұлулықты сақтау үшін, жігіттер – күшқайратты арттыру мақсатында, ал балалар денсаулығын нығайтып, бойын өсіру үшін үзбей қолданса болады. Ал сіз авокададан жасалған және ерекше тойымды салатты қалай әзірлеуге болатынын білесіз бе? Ол үшін салат жапырағы, жасыл бұрыш, авокадо мен қияр қажет. Тұздық үшін лимон шырыны, соя тұздығы, зәйтүн майы мен сарымсақ және қант ұнтағы керек. Салат жапырақтарын мүмкіндігінше қолмен үзген жөн. Сонда салаттың құрамы мен дәмінде өзгеріс болмайды. Ал жемістерді турап алған соң үстіне тұздықты құямыз. Сонымен, салат дайын.

ИНГРЕДИЕНТЕР:

1 авокадо;
100 грамм салат
жапырағы;
2 болгар бұрышы;
2 қияр.

Тұздық:

Зәйтүн майы – 40 мл;
Соя соусы – 1 ас қасық;
Қант ұнтағы – 1 ас қасық;
Сарымсақ – 1 түйір;
Жарты лимон.

● ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН

Төбесінен құс ұшырмай, бетіне жел тигізбей өсірген ұл-қызының дені сау, ақылы кемел, сымбаты көңіл көншітерліктей болғанын қай ата-ана қаламайды дейсіз. Ал мәпелеп өсіргеніне қарамастан баланың ет алмай, киімі сөлбірейіп, арықтығы көзге ұрып тұруы ешкімді бей-жай қалдырмаса керек.

Әрине, өтпелі кезеңде әртүрлі қызығушылықтың әсерінен, айналасындағы жағдайды жүрекке жақын қабылдаудан бозбалалар мен бойжеткендердің тәбетін жоғалтатынын да жиі байқап жүрміз. Мұнымен қоса, қорқақ, әр нәрсеге секемшіл балалар да тәбеттен тез айырылады. Демек, баланың ет алмауының бірінші себебі – тәбеттің тартпауы болса, екіншісі – күш-қуатын сарқып, көп қимылдауында болып тұр...

Әлемде отбасылық жағдайының төмендігінен тойып тамақ жемей арықтаған балалардың бар екенін жасыруға болмас. Бұған қоса, арықтатуға алып келетін сырқаттар да соңғы кездері жиі көрініс беріп жүр. Дегенмен, сырқаттанған баланың айыққаннан кейін жақсылап тамақтанса, қалыпқа келуі өте тез. Қанша дегенмен, баланың аты – бала. Бұдан түйетініміз не? Егер сіздің әулетіңізде арық адамдар көп болмаса, баланың ет алмау себебі мынадай болуы да мүмкін:

- Отбасында күрделі жағдайлардың орын алуы;
- Ас-ауқаттың жетіспеушілігі;
- Ішекте құрт болуы;
- Туберкулез, өкпедегі құрт ауруы.

Отбасындағы ахуалдың күрделеніп, қайшылықты жағдайға жетуі балаға оңай соқпайды. Қанша жерден ас мол болып, таршылық көрмегенімен, атаның ажырасуы, тәрбиесіне олқылық, анасын, әкесін немесе жақынын жоғалту баланың тәбетін төмендетуге әсерін тигізбей қоймайды. Тіпті ас ішкеннің өзінде психологиялық ахуалдың төмендігі астын қорытылуын тежейді.

Бала бойындағы өзгерісті байқасаңыз, отбасындағы жағдайды жөндеуге бірден кірісіңіз. Ата-ана, үлкендер арасындағы түсінбеушіліктен бала зардап шекпеуі керек.

БАЛА
НЕГЕ ЕТ
АЛМАЙДЫ?

Ас-ауқаттың жетіспеуі. Бойдың өспей, дененің толыспауы «осы бала тойып тамақ іше ме екен» деген сұрақты туындатары анық. Әрине, баланың ас мәзірі мейлінше дәрумендерге бай, құнарлы өнімдерден құралуы шарт. Айталық екі жастағы балаға үнемі сүт беретін болсаңыз, кальций жеткілікті дәрежеде қалыптасқанымен, қосымша құнарлы тағамдардың берілмеуі оның өз қатарластарымен бірдей қалыпты жағдайда дамуына кедергісін тигізеді. Осыған орай, баланың тәбеті дұрыс па, ас ішуде ешқандай кедергі болмаса, арықтауының төркінін қайдан іздеген дұрыс деген сұраққа жауап тапқан маңызды.

Мұндай жағдайда міндетті түрде дәрігерге жолығып, баланы дұрыс тамақтандыруға қатысты кеңестер алған жөн. Ұл-қыздың өз жасына сай өсуінде ауытқушылық болса, кәріс медицинасының мына рецептті бойынша дайындалған қоспаны пайдаланыңыз. Ол үшін 30 грамм мия (солodka) тамырын қуырып, одан кейін ұнтаққа айналғанша ұсақтау керек. Осыдан кейін ұнтақты балмен араластырып, жүгері дәнінің көлеміндей етіп дәрі дайындайсыз. Осы табиғи дәрінің 5 түйірін күніне 2 рет ішсе, баланың ет алуына көмектесері даусыз.

Ішекте құрт болуы. Ағзасында аскаридасы, құрттары бар баланың тәбеті

жақсы болғанымен, ет алуы баяулайды. Қанша ас жегенімен, оның қатарластарынан дене бітімі жағынан кенжелеп қалуы, міне, осы құрттардың көбеюімен байланысты. Арықтықпен қатар, мұндай балаларда іштің ісіп кетуі, қаназдық, іштің жиі өтуі, мазасыздық пен ашуланғыштық қоса байқалады.

Мұндай жағдайда да дәрігердің көмегінсіз мәселе шешілмейді. Ағзадағы құрттарды тек медициналық жолмен жою тиімді.

Туберкулез. Арықтық – кей жағдайда өкпедегі құрт ауруының дендеп келе жатқанының белгісі болуы ықтимал. Сыртқа білінбегенімен, іштен жеген бұл сырқат баланың тәбетін азайтып, күш-қуатын төмендетеді. Қатарластарынан артта қалғаны аздай, бала кішкене қимылдаса болды тез шаршап қалады, ыстығы қунара көтеріліп, асқа мүлде қарамайды. Дегенмен, әрбір ата-ана туберкулез ауруының баяу байқалатынын, бірден анықталмағандықтан баланың денсаулығын біртіндеп бұлдіретінін естен шығармағаны жөн.

Арықтықпен қоса, бала бойынан туберкулездің белгілерін байқасаңыз, уақыт оздырмай дәрігерге көрінген абзал. Мұндай жағдайда кешігуге болмайды.

Бетті дайындаған С.САҒЫМ.



ҚАЛАДАҒЫ КӘСІП

БАЛАЛАР және ТӘТТІЛЕР

**Бүгінгі
кейіпкеріміз –
көпбалалы ана,
«үй» кондитері
Мәдина
Елшібаева.**



– Дәстүрлі сұрақ: бұл кәсіпке қалай келдіңіз?

– Мен үйде бала күтімімен отырған анамын. Балаларыма дүкеннен күнделікті түрлі тәттілер сатып әперемін. Біреуі қызыл, біреуі көк тәттілердің бояулары балапандардың қолдарын, аузы мен тілін түрлі-түсті етеді. Біле білсек, оның бәрі химиялық қоспа. Өйткені, бояуды алудың басқаша жолы кемде-кем әрі оның балаға пайдалы болуы мүмкін емес. Түске табиғи жолмен қол жеткізуге көп уақыт кетеді. Сондықтан кондитерлер одан қашады, уақыт жоғалтқысы келмейді. Ал «уақытым кетті» деп бағаны көтерсе, кәмпиттері өтпей қалады. Кім болса да ашқан кәсібінен пайда табуды ойлайды ғой. Бірақ мен көпбалалы ана ретінде балаларыма дүкендердегі қоспасы көп тәттілерді алып беріп, жай отыра алмадым. Өйткені, олардың бала ағзасына зияны тиюі мүмкін.

Тәттілер жасауды үйде интернеттен қарап отырып, бір-ақ күнде үйреніп алдым. Ол қалай болды? Үлкен балам дүкеннен чупа-чупс алып жепті. Түсі сары болғанмен аузының бәрі көкпенбек болды. Сол күні кешке ұлым тісі ауырғанын айтып, жатып қалды. Ертесіне аузын қарасам әлгі бояу әлі кетпеген. Тілі, ұрты бәрі ойылып кетіпті. Не керек, сонымен 10 күндей алыстық. Аузы іріп кете жаздады. Содан балам жазылғасын «балалар кәмпиттен ешқашан бастартпайды. Оларды тәттіден алыстатуды емес, таза, дұрыс тәтті жегізуді ойлауым керек» деп, іске кірістім. Ақпаратпен толық танысып алып, керек заттар тізімін жасадым. Мойындау керек, оның көбісі қоқысқа кетті. Қатпай, ағып кеткен, дәмі келіспей қалған талай тәтті жасадым ғой. Алғашында, тіпті қазір оңай боп көрінетін тәттілердің де дәмін келтіре алмадым.

– Әлеуметтік желілерде кондитерлерге арналған шеберлік сабақтары көп. «Қоқысқа кетті» деп жатсыз, неге басынан соларға қатысып үйренбедіңіз? Қазір маман ретінде сабақтар өткізу ойыңызда жоқ па?

– Біріншіден, олардың бәрі дерлік ақылы. Мен кәсібімді бастаған кезде де олардың бағасы ұшып тұрған. Үйде отырған көпбалалы анада артық ақша қайдан болсын? Жолдасыма айтсам ол «одан өзі нә-

тиже шыға ма?» деп шошып кететін. Өйткені, оған дейін одан бірнеше рет ақша алып, сондай ақылы сабақтарға қатысқан едім. Бір түсінгенім, балалары кішкентай әйелге киім тігу деген секілді кәсіппен айналысу қиын болады екен. Оны бала да түсінбейді, жағаласып кетеді. Инені бір, қайшыны бір тығып отырып не тігіп отырғаныңызды ұмытып қаласыз. Ал кәмпит жасаудың бір жақсысы «сендерге көп тәттілер жасап жатырмын, шуламай шамалы шыдай тұрыңдар» деп қолына біреуін берсең, мәз болып ойнап кетеді.

Шеберлік сабақ өткізу ойда бар, тек оған алдымен өзім дайындалуым керек. Қолым жасай білгенмен, соны тілмен жеткізуге шорқақпын. Ал шеберлік сабағында сөз басты рөл атқарады.

– Бүгінде қандай тәттілер жасайсыз?

– Барлық бала білетін, жақсы көретін «чупстер» жасаймын. Біз бала күнімізде оны қораз кәмпит деуші едік қой. Өйткені, оның пішіні қораздікіндей болатын. Менің кәмпиттерімнің дәмі сол балалық шақтың дәміне қатты ұқсайды. Бірақ мойындау керек, 100 пайыз дәмін келтіре алмадым. Ол кезде технология дамымаса да кондитерлер шебер болған екен ғой деп ойлаймын. Дәміне, түсіне көп мән беремін. Өйткені, кезінде сол балаларға сатып әперіп жатқанда жаныма бататын, «құрамы қалай екен?» деген ой салатын. Ал пішінін келтіру оңайдың оңайы. Бағаны көтермеуге тырысамын. Дүкендерде тәттілерге қызығып, алайын десе, ақшасы жетпей тұрған балаларды көргенде жүрегім ауыратын. Өзім де талай рет балаларыма көп нәрсе алып бере алмай қалған кездерім есімде. Баға қойған кезде соларды бір ойлап қоямын. Тапсырыспен жұмыс істеймін. Дүкендермен келісім жасап, оларға өткіземін. Шоколадтан гүлдер, гүл дестелерін де жасаймын.

Жұмысым өзіме ұнайды. Әрі «балаларды кімге қалдырсам екен?» деп уайымдамаймын. Мен жұмыс істеп жатқан кезде де олар жаныма, ойнап жүре береді. Қысқасы, тұрмыстық тіршілік пен кәсібім үйлесім тапты. Әйелге одан артық не керек?!

**Сұхбаттасқан
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.**



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЮДЕ

Алматыда Орталық Азиядағы энергетика мен су ресурстарының инновациялары мен жаңғыртылуы бойынша халықаралық форум өтті. Аталмыш форум жұмысын ҚР Ұлттық Ғылым академиясы, Жасыл технологиялар мен инвестициялардың халықаралық орталығы, Қазақстан–Британ университеті ұйымдастырды.



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылғы халыққа арнаған Жолдауында «Үкімет суды пайдалануды реттеу және оны үнемдеу технологиясын енгізу жұмысын ынталандыру үшін нақты шешімдер әзірлеуге тиіс» деп нақты көрсеткен еді.

Бүгінде Орталық Азия елдері 2030 жылға қарай орнықты даму мақсатына қол жеткізу үшін экономикалық қайта құруларға кешенді тәсілдерді қолдану арқылы қол жеткізуге болатынын айқын түсініп отыр. Мәселен, таяуда ғана Орта Азия мемлекеттерінің басшыларының қатысуымен Түркменбашы қаласында өткен кеңесте көлік-транзит, сауда, туризм, инновациялық, энергия үнемдейтін, электронды технологиялар мен өзге де басымдықтарды енгізудің маңыздылығы туралы жан-жақты талқыланған еді. Үш күнге созылған форум барысында қатысушылар Орталық Азия елдерінде энергетикалық, су және жер ресурстарын тиімді дамытудың жолдарын талқылады.

Сонымен қатар, жаңартылған энергия көздері, энергияны көп қажет ететін салаларды декорбонизациялау, сумен байланысты салалардағы өзекті мәселелер де әңгіме өзегіне айналды. Жеке және қаржы секторлары өз көзқарастарын білдіріп, мүмкіндіктер туралы өз ойларын ортаға салды. Форум жұмысында КБТУ ректоры м.а. (Басқарма төрағасы) Маратбек Ғабдуллин, БҰҰ ЕЭК атқарушы хатшысының орынбасары Дмитрий Марьясин, Солтүстік және Орталық Азия Субөңірлік кеңесінің басшысы Николай Помощников, «БанкЦентрКредит»АҚ Директорлар кеңесінің және Бақылау кеңесінің төрағасы Бақытбек Байсейітов, тағы басқа да қатысушылар сөз сөйледі. Жалпы, халықаралық форумның басты мақсаты – 2030 жылға дейінгі кезеңде Орталық Азияда тұрақтылықты қамтамасыз етіп, экономикалық ынтымақтастық пен жасыл технологиялардың даму саласындағы шешімдерді қолға алып, тетіктерін нақтылау. Сондай-ақ, форумдағы ұсыныстар жақын арада болатын Орта Азия экономикаларына арналған бағдарламаның Басқарушы кеңесінің отырысында жан-жақты талқыланатын болады.

«АЛТЫН ОРДА» құрылысы аяқталады

«ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы Алматыдағы «Алтын Орда» базарының жанындағы эстакада құрылысының барысы туралы айтты. Жоспар бойынша базар жанындағы құрылыс жыл соңына дейін аяқталмақ.



**Айжан
БҮРКІТБАЕВА**

– Қазіргі уақытта «Алматы–Бішкек» тасжолының «Алтын Орда» базары жанындағы учаскесінде күрделі жөндеу жұмыстарын іске асыру шеңберінде негізгі жұмыстар басты магистралдық эстакадада жүргізілуде. Оған 215 адам, 30 бірлік техника жұмылдырылып, түнгі ауысым ұйымдастырылды. Жұмыстар тәулік бойы жүргізілуде, – деп мәлімдеді ұлттық компанияның баспасөз қызметі.

Қазіргі уақытта эстакаданың сол жағындағы аралық құрылыстарды құю жұмыстары толық аяқталды. Енді арқандарды тарту жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, монолитті плитаны құю және асфальтбетон жабынын салу жұмыстары басталды.

Эстакаданың оң жағында монолитті аралық құрылысты құюға арналған металл конструкцияларын монтаждау жұмыстары жүруде. Монолитті аралық құрылыстың бе-

тонын құюға арналған қалыптарды монтаждау жұмыстары бітуге жақын.

Монолитті аралықты бетондау жұмыстарының көбі аяқталды. Жалпы 1200 метр конструкцияның бүгінде 194 метрі ғана қалды. Ары қарай жабынды орнату жұмыстары жүреді, – деді «ҚазАвтоЖол» өкілдері.

Басты магистралдық эстакада жұмыстарынан бөлек, көпірдің кіреберістерінде жол киімінің қабаттарын орнату жұмыстары жүріп жатыр.

Бетондау жұмыстары аяқталған соң құрылыс нормалары мен ережелеріне, сондай-ақ, жұмыс жобасына сәйкес, конструкцияның статикалық және динамикалық сынақтары басталады. Осыдан соң магистралдық эстакада бойында жол жүруді қамтамасыз ету жоспарлануда, – деп атап өтті компанияда.

Құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес, бетондау жұмыстары аяқталғаннан кейін конструкцияның статикалық және динамикалық сынақтары басталады. Содан кейін негізгі магистралдық эстакада бойынша қозғалыс ашылады деп жоспарлануда.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:

Тәуелсіздік кезеңінде негізі қаланған «әралуандығымыз – бірлікте» қағидаты Қазақстанның сан қырлы мәдениеті мен дәстүрін баға жетпес байлығымызға айналдырды. Ырыс-ынтымақ пен отаншылдық рух ұлттық кодымыздың ұйытқысы болып отыр.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.



Төрехан
ДАНИЯРОВ

2017 жыл Қазақстан үшін мерейлі де, айтулы, күрделі оқиғаларға толы жыл болды. ЭКСПО–2017, ШЫҰ мен ИЫҰ-ның саммиті, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне мүшелік, Дүние жүзі қазақтарының құрылтайы, Қазақстан халқы Ассамблеясы, Халықаралық байыт-маған уран банкін ашу, Сирия жөніндегі Астана процесі, Универсиада сияқты айтулы оқиғалар Қазақстанға төрткүл дүниенің назарын аударып, еліміздің әлем қауымдастығы алдындағы абыройын аскақатты.

Сыртқы саясатқа үңілсек, 2017 жылдың 1 қаңтарында Қазақстан Республикасы БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіндегі тұрақты емес мүшесі ретіндегі жұмысына кірісті.

Нұр-Сұлтанда өткен ШЫҰ саммитінің (5–9 маусым 2017 жыл) маңызы зор болды. Оның басты оқиғасы – ШЫҰ құрамына Үндістан мен Пәкістан Ислам Республикасын мүшелікке қабылдау процедурасының аяқталуы еді.

29 тамызда Қазақстан және бүкіл әлем үшін айтулы оқиға болды – МАГАТЭ-нің Аз байытылған уран Халықаралық банкі ашылды.

Ішкі саясатқа келсек, Елбасы 2017 жылдың басынан бастап мемлекет пен қоғамды жаңартудың үш бағытын іске қосты. Олар: конституциялық реформа; экономиканы жаңғырту; қоғамдық сананы жаңарту. Бұлар Қазақстанда үшінші жаңғырудың басталғанын білдіреді. Оның басты бағдары – Қазақстанның жаңа жаһандық ахуалда бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін, ХХІ ғасырдың ортасында әлемдегі ең дамыған отыз мемлекеттің қатарына қосылуға жағдай туғызатын экономикалық өсудің жаңа моделін құру. Белгіленген саяси реформаның мақсаты – мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру және мемлекеттің халық алдында есеп беруін



қамтамасыз ету, Президент пен биліктің заң шығарушы тармағының арасында өкілеттіктерді қайта бөлу, мемлекеттік шешімдерді дайындау мен қабылдау үдерісіндегі азаматтық қоғамның рөлін күшейту. Ұсынылып отырған реформаның мәні – билік өкілеттіктерін Президенттен Парламент пен Үкіметке қайта бөлу, тұтастай саяси жүйені демократияландыруда жатқан еді. Яғни Парламенттің Үкімет жасақтаудағы рөлін күшейту, Министрлер Кабинетінің депутаттар корпусы алдындағы жауапкершілігін арттыру, сонымен бірге, Үкіметтің өкілеттілігін кеңейту қажет. Мақсат – елді басқарудың неғұрлым тиімді, орнықты, заманауи жүйесін құру.

Президенттің құзырында Конституцияны қорғау, билік тармақтары арасындағы қарым-қатынас, ішкі және сыртқы саясат, қорғаныс пен қауіпсіздік аясындағы стратегиялық функциялар сақталды.



25 қаңтарда 28-ші Дүниежүзілік қысқы универсиада алауын жағу рәсімі болды. Оған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысты.

Бұл Универсиада еліміздің тәуелсіздігі тарихында халықтың бірлігін нығайтуға ықпал еткен спорт саласындағы ең ірі оқиға болып саналады.

«Атқарылған жұмыстардың бәрін жастар үшін жасадық. Универсиадамыз әлеуметтік инфрақұрылымы, спорт нысандары бізге ұзақ жыл бойы қызмет ететін болады», – деді Қазақстан Президенті.

2017 жылдың қаңтарында «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Президент Жолдауы жарияланды. Онда ел экономикасының жаңа технологиялық формасына көшуді көздеген бағдарлар анықталды.

Алматыда 29 қаңтар мен 8 ақпан аралығында өткен Қысқы Универсиада спорт әлеміндегі айтулы оқиғалардың бірі болды. Универсиадаға 57 елден 2 мыңнан астам спортшы қатысты. Жарыс спорттың 12 түрі бойынша өтті, 85 медаль жиынтығы жүлдеге тігілді. Қазақстанның жас спортшылары туған елдің төрінде тамаша өнер көрсетіп, командалық есеп бойынша екінші жүлделі орыннан көрінді, 11 алтын, 8 күміс, 17 қола медальға ие болды.

Үкіметке «Сиялы Қазақстан» бағдарламасын жасау, сондай-ақ әлемнің түкпір-түкпірінен кәсіпкерлер мен инвесторларды

тарту үшін ЭКСПО–2017 нысандарының базасында ІТ-стартаптар халықаралық технопаркін жасау тапсырылды. Конституциялық реформа мен Жолдаудан соң іле-шала қоғамдық сананы жаңғырту мәселелеріне маңыз берілді. 2017 жылдың 12 сәуірінде Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарияланды.

Елімізде 2017 жылы 9 маусымда ЭКСПО–2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі ашылды. Салтанатқа 17 мемлекет пен үкімет басшылары қатысты. Мерекенің орталығы «Нұр Әлем» – әлемдегі ең үлкен сфералық ғимаратқа айналды. ЭКСПО–2017 көрмесіне жүзден астам ел, ірі трансұлттық компаниялар және 18 халықаралық ұйымдар қатысты. Үш айдың ішінде көрмені көруге төрт миллионға жуық адам келді, олардың арасында – 180 елден келген жарты миллион турист бар.

Тәуелсіздік шежіресі

2017 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

1. 28-ші Дүниежүзілік қысқы универсиада.
2. Халықаралық «ЭКСПО–2017» мамандандырылған көрмесі.
3. Конституциялық реформа: мемлекеттік билік тармақтары арасындағы өкілеттіктердің қайта бөлінуі.
4. Дүние жүзі қазақтарының V құрылтайы.
5. Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру туралы Президент Жарлығы.



25 қаңтар

28-ші Дүниежүзілік қысқы универсиада алауын жағу рәсіміне қатысқан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев салтанатты іс-шараға қатысушыларды Алматыдағы ғаламат спорт мерекесінің басталуымен құттықтады. Универсиада Алматы қаласында 2017 жылы 29 қаңтар мен 8 ақпан аралығында, спорттың 12 түрі бойынша өтті.

21 наурыз



Елбасы Наурыз мейрамына арналған мерекелік іс-шараға қатысты. Мемлекет басшысы «Сарыарқа» велотрегінде өткен іс-шараға қатысушыларға арнаған сөзінде барлық қазақстандықтарды Наурыз мейрамымен құттықтап, отандастарымыз бұл мерекені туыстарымен және достарымен бірге қарсы алуды дәстүрге айналдырғанын атап өтті. Мыңжылдық тарихы бар Наурыз елдің ең жақсы көретін және асыға күтетін мейрамы екенін, ол адамның ұлты мен діні ұстанымына қарамай тойланып келе жатқанын айтты.

27-28 наурыз

Қазақстан Президенті Біріккен Араб Әмірліктерінің Вице-Президенті, Премьер-Министрі, Дубай әмірлігінің билеушісі, шейх Мұхаммед бен Рашид Әл Мактұммен кездесті.



Келіссөз барысында сауда-экономика, қаржы және инвестиция салаларындағы өзара іс-қимыл мәселелері қаралды. Мемлекет басшысы Біріккен Араб Әмірліктеріне жұмыс сапары аясында Дубай халықаралық қаржы орталығы (DIFC) басшылығымен де кездесті. Елбасы кездесу барысында DIFC қызметімен және орталықтың бұдан әрі қарай даму перспективасымен танысты.

20 сәуір



Мемлекет басшысы шығармашылық зиялы қауым өкілдерімен кездесті. Кездесуге белгілі жазушылар Бексұлтан Нұржекеев, Дулат Исабеков және Смағұл Елубаев қатысты. Елбасы өнердің, шығармашылықтың ел-жұрт пен бүкіл қоғам өмірінде маңызды орын алатынын айта келіп, шығармашылық



2017 жылғы қазақстандық талантты эниі Димаи Құдайбергін наурыз айында «Top Chinese Music Awards» («Азиядағы ең атақты эниі») номинацияның жеңімпазы атанды. Ал сәуір айында Қытайдың «Singer 2017» ән байқауына қатысып, екінші орынды жеңіп алды. Бүгінде қазақтың дарынды қара баласы әлемді мойындатқан өнер жұлдызы.

30 ЖЫЛДЫҢ 30 СӘТІ



гершілік қызметі үшін ерекше алғысын білдірді. Түркия Президенті биылғы 14 қыркүйекте Қазақ Елінің астанасында өтетін Сириядағы жағдайға қатысты кездесудің маңыздылығына тоқталып, оның Женева келіссөздеріне оң ықпал ететініне сенім білдірді.

26 қазан

Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы Президент Жарлығы шықты.

Қазақ тілі әліпбиінің кириллицадан латын графикасына көшірілуін қамтамасыз ету мақсатында Үкіметке қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия құру, қазақ тілі әліпбиінің 2025 жылға дейін латын графикасына кезек-кезеңмен көшуін қамтамасыз ету міндеттелді.

9 қараша



Мемлекет басшысы Қазақстан мен Ресейдің XIV өңіраралық ынтымақтастығы форумына қатысты. Бұл форум Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынастың және ынтымақтастықтың ажырамас әрі маңызды бөлігіне айналды.

5 желтоқсан

Осыдан 100 жыл бұрын, яғни 1917 жылғы 5 желтоқсанда Орынборда қазақ зиялылары ұйымдастырған II жалпықазақ съезі өз жұмысын бастаған болатын. Осыған орай, еліміздің барлық өңірлерінде, оқу орындары мен ғылыми институттарда алқалы жиындар, конференциялар ұйымдастырылды. Елорда-



дағы ЭКСПО Конгресс орталығында «Рухани жаңғыру: Алаш және Азаттық идеясының сабақтастығы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияға қатысушылар Алаш арыстарын ұлықтап, олардың мұраларын зерттеуді жүйелеп, жас ұрпақты патриоттық рухқа тәрбиелеу ісін Алаш мұраттарымен сабақтастыру мәселелері көрініс табатын қарар қабылдады.

15 желтоқсан

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиынға қатысушыларды және Қазақстан халқын ұлттық мерекеміз – Тәуелсіздік күнімен құттықтады. Елбасы тәуелсіздік жылдарында Қазақстан жылдам өсуге қол жеткізіп қана қоймай, алдағы уақытта орнықты даму үшін берік негіз қалағанын айтты.

(Деректер мен суреттер ашық интернет көздерінен алынды).

9 маусым



Елордада халықаралық «ЭКСПО-2017» мамандандырылған көрмесінің ашылу рәсімі өтті. Елбасы 115 мемлекет пен 22 халықаралық ұйым қатысып жатқан ЭКСПО көрмесін Қазақстанның ТМД және Шығыс Еуропа елдері арасынан бірінші болып өткізіп отырғанын атап өтті. «Нұр-Сұлтандағы ЭКСПО халықаралық көрмесі – жаһандық кеңістікте еліміздің танытудың және «Қазақстан» ұлттық брендинің ілгерілетудің жаңа белесі. Біз «Болашақтың энергиясы» тақырыбын ұсына отырып, ғылыми прогрестің бел ортасында болуды қалаймыз», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

16 маусым

Нұрсұлтан Назарбаев «Жаңа энергия – жаңа экономика» атты X Астана экономикалық форумының пленарлық отырысына қатысты. «Шанхай ынтымақтастық ұйымына Үндістан мен Пәкістан кірген соң 3 миллиард адамды қамтитын нарығы бар жаңа жаһандық ойыншы пайда болды. Шанхай ынтымақтастық ұйымы елдерін Ұлы Жібек жолын жаңғырту бағдарламасымен қамту жаңа экономикалық субөңірді қалыптастырады», – деді Қазақстан Президенті.

23 маусым

Дүние жүзі қазақтарының V құрылтайы өтті. Нұрсұлтан Назарбаев Елордаға әлемнің 39 елінен келген Дүниежүзілік құрылтайдың барлық қатысушыларына арнап сөз сөйледі. Елбасы рухани жаңғыру аясында іске асырылып жатқан 6 жобаға, соның ішінде қазақ қарпінің латын әліпбиіне көшуі, гуманитарлық бағыттағы үздік 100 оқулықты қазақ тіліне аудару, «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстандағы 100 жаңа есім» сияқты жобаларға ерекше тоқталды. Мемлекетіміз бен қоғам тарапынан қандастарымызды қолдаудың маңыздылығын айтып, «Отандастар» қорын

құруды тапсырды. «Қор Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығымен бірлесіп, қандастарымызға қолдау көрсетудің тетіктерін анықтап, тиісті кешенді бағдарлама әзірлеуі қажет», – деді Елбасы.

4 шілде

Америка Құрама Штаттарының Президенті Дональд Трамп Америка халқы атынан Нұрсұлтан Назарбаевты және Қазақстан халқын Орталық Азияда алғаш рет ұйымдастырылып отырған Халықаралық «ЭКСПО-2017» мамандандырылған көрмесінің өткізілуімен құттықтады. «Президент мырза, «ЭКСПО-2017» көрмесі арқылы энергетикалық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі жаһандық диалогты одан әрі ілгерілетудегі Сіздің көзқарасыңыз бен көшбасшылығыңыз үшін Сізге және Қазақстанға ілтипатымды білдіремін. Өзара сыйластық пен ортақ мүддеге негізделген АҚШ-Қазақстан арасындағы стратегиялық серіктестік одан әрі нығая түседі деп сенемін», – делінген хатта.



ПО-2017» мамандандырылған көрмесінің өткізілуімен құттықтады. «Президент мырза, «ЭКСПО-2017» көрмесі арқылы энергетикалық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі жаһандық диалогты одан әрі ілгерілетудегі Сіздің көзқарасыңыз бен көшбасшылығыңыз үшін Сізге және Қазақстанға ілтипатымды білдіремін. Өзара сыйластық пен ортақ мүддеге негізделген АҚШ-Қазақстан арасындағы стратегиялық серіктестік одан әрі нығая түседі деп сенемін», – делінген хатта.

29 тамыз

Елбасы МАГАТЭ-нің Төмен байытылған уран банкінің ашылу рәсіміне қатысты.

Рәсім барысында Қазақстан Президенті МАГАТЭ-нің бас директоры Ю.Аманова Үлбі металлургия зауытының аумағында орналасқан Төмен байытылған уран банкінің символдық кілтін табыс етті. Мемлекет басшысы құттықтау сөзінде бүгінгі шараның Қазақстан мен бүкіл әлемдік қоғамдастық үшін маңызы зор екенін атап өтті. Мемлекет басшысы жаһандық ядролық қауіпсіздікті сақтаудың қажет екенін айтып, Қазақстанда ашылған Төмен байытылған уран банкі тек бейбіт атомға ғана арналатынын атап өтті.

9 қыркүйек

Қазақстан Президенті Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайып Ердоғанмен кездесті.

Р.Ердоған Нұрсұлтан Назарбаевқа өңірлік проблемаларды шешуге бағытталған бітім-

ЖЫЛ ТҮЙІНІ:

2017 жыл Тәуелсіздік жылнамасында ерекше із қалдырған оқиғаларға толы болды. Елбасы тұжырымдағандай, жарқын және ауқымды оқиғалармен есте қалды. Елорданың және бүкіл еліміздің ажарын ашқан «ЭКСПО» көрмесі беделімізді биіктетіп, абыройымызды асқақтатты. Қысқы Универсиада мен халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесі қазақстандықтарға және шетелдік қонақтарға спорт пен технологияның тамаша мерекесін тарту етті. Қазақстан Ислам ынтымақтастығы ұйымының саммитін жоғары деңгейде өткізді.

Ата Заңға өзгеріс енгізіліп, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру үшін маңызды қадам жасалды. Болашақтың бағдарын айқындайтын Рухани жаңғыру жолы басталды.

Бұл жыл Қазақ тілінің жаңа әліпбиі қабылданған тарихи шешім арқылы есте қалды. Қазақ Елі саясатта, экономикада, спорт саласында маңызы зор халықаралық шараларға бастамашы болды. Татулық пен тұрақтылықтың мекені – Қазақстан ел мен елдің арасын жақындатты. Әлемнің әр түкпірінен келген спорт саңлақтары Қысқы Универсиада төрінде бас қосты. Барша мұсылман елдерінің басшылары қатысқан жиын өтті. 2017 жылы Қазақ Елі он сегіз миллион халқы бар еңселі елге, мерейлі мемлекетке айналды.

зиялы қауым өкілдеріне сәттілік тіледі, сондай-ақ оларға ел тәуелсіздігін нығайтуға қосқан үлестері үшін алғысын білдірді. Өңірме барысында ел өмірінің мәдени-гуманитарлық саласымен қатар, қоғамдық-саяси саладағы кең ауқымды мәселелер қозғалды. Атап айтқанда, латын әліпбиіне көшу, демографиялық ахуал, көші-қон саясаты, үш тілде білім беру жүйесін енгізу, тағы да басқа мәселелер қамтылды.


7 мамыр



Мемлекет басшысы Отан қорғаушы күніне және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 25 жылдығына арналған әскери парадқа қатысты.

Елбасы барша қазақстандықтарды және парадқа қатысушыларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 25 жылдығымен құттықтады. Бұл ел тәуелсіздігі тарихындағы ең ауқымды парад болды. Парадқа бес мыңнан астам адам және 400 әскери техника қатысты.

13–15 мамыр



Елбасы «Бір белдеу, бір жол» атты халықаралық ынтымақтастық форумының жұмысына қатысу үшін ҚХР астанасы Бейжің қаласына барды. Форумның салтанатты ашылу рәсімі аясында бірқатар мемлекеттердің көшбасшыларымен кездесу өткізді. Форум аясында өткен «Тығыз ынтымақтастыққа арналған саяси бірлескен қызмет» атты «дөңгелек үстел» жиынына қатысушылар алдында сөз сөйлеген Елбасы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Еуразияда ежелгі Жібек жолын жаңа, заманауи форматта қайта жандандыру идеясы әлемде жаңа геоэкономикалық парадигма қалыптастыруға мүмкіндік беретінін атап өтті. Оның табысты іске асуы, жинақтап алғанда, 4,4 млрд. адам тұрғынды қамтитын елдерге пайда әкеледі.

ДҮЙСЕНБІ
8 ҚАРАША

Almaty™ АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
6.30 Дала сазы
7.00 Әсем әуен
8.00 Таңғы студия
10.00 Sau bolashaq
10.15 Мультфильм
12.00 Киноклуб
14.00 Өмір иірімі
14.50 Qyzyq chat
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 ТҰСАУКЕСЕР!
Телехикая. Өткінші
жаңбыр 8, 9 серия
16.30 Үздік әзілдер
17.30 Телехикая.
Тракторшының
махаббаты 16 серия
18.30 Бақытты отбасы
19.00 Қорытынды
жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Басты назарда
(тікелей эфир)
20.40 ТҰСАУКЕСЕР!
Телехикая. Өткінші
жаңбыр 9, 10 серия
21.55 Телехикая
22.40 Әсем әуен
23.00 Қорытынды
жаңалықтар/Итоговые
новости
0.00 ТҰСАУКЕСЕР!
Телехикая. Сенім
5 серия
1.10 Басты назарда
(қайталау)
1.40 Әсем әуен
2.30 Телехикая. Әр жерде
сен 41 серия
3.15 Сәуле-ғұмыр
4.00 Дала сазы
4.30 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Ауылдастар».
6.25 «Тәуелсіздік
тәуекелдері».
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы
ақпаратты-сазды
бағдарлама.
Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Тағдыр жалыны».
Телехикая.
12.00 «Ақжауын».
Телехикая.
13.00 AQPAPAT
13.10 «Qyzyq eken...».
14.00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР».
Тікелей эфир
15.00 AQPAPAT
15.15 «Arta». Сараптамалық
бағдарлама.
16.05 «Қазақ елі-1».
Телехикая.
17.00 AQPAPAT
17.15 «QYZYQ EKEN...».
18.00 «ТАҒДЫР ЖАЛЫНЫ».
Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ».
Қоғамдық-саяси ток-
шоу. Тікелей эфир.
21.30 «АҚЖАУЫН».
Телехикая.
22.30 «ЖАТ МЕКЕН».
Телехикая
23.30 «Қазақ елі-2».
Телехикая.
0.25 «САНА». Ток-шоу.
1.30 AQPAPAT
